|------------------|--|
| АҚ | Акционерлік қоғам |
| ЕДБ | Екінші деңгейлі банк |
| ЖІӨ | Жалпы ішкі өнім |
| ЖӨӨ | Жалпы өңірлік өнім |
| ЖК | Жеке кәсіпкер – жеке тұлға болып табылатын шағын кәсіпкерлік субъект |
| ШФҚ | Шаруа-фермерлік қожалық |
| ЖАО | Жергілікті атқарушы орган |
| ЕАК | Есептік айлық көрсеткіш |
| ШОК / ШОБ | Шағын және орта кәсіпкерлік / Шағын және орта бизнес |
| ШОБК | Шағын және орта бизнес кәсіпорындары – заңды тұлға ретінде тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъект |
| АДБ | Азиялық Даму банкі |
| ҚР | Қазақстан Республикасы |
| ШКС | Шағын кәсіпкерлік субъект |
| ШОКС | Шағын және орта кәсіпкерлік субъект |
| ТМД | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ТЕРМИНОВ

Используемые термины и сокращения имеют следующие значения:

| | |
|------------------|--|
| АО | Акционерное общество |
| БВУ | Банк второго уровня |
| ВВП | Валовый внутренний продукт |
| ВРП | Валовый региональный продукт |
| ИП | Индивидуальный предприниматель – субъект малого предпринимательства, являющийся физическим лицом |
| КФХ | Крестьянско-фермерское хозяйство |
| МИО | Местный исполнительный орган |
| МРП | Месячный расчетный показатель |
| МСП / МСБ | Малое и среднее предпринимательство / Малый и средний бизнес |
| ПМСБ | Предприятие малого и среднего бизнеса – субъект малого и среднего предпринимательства, зарегистрированный как юридическое лицо |
| АБР | Азиатский банк развития |
| РК | Республика Казахстан |
| СМП | Субъект малого предпринимательства |
| СМСП | Субъект малого или среднего предпринимательства |
| СНГ | Содружество Независимых Государств |



ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

Бүгінгі таңда қазақстандық бизнес бәсекеге қабілетті елдің негізгі факторларының біріне айналып келеді. 2014 жылғы 11 сәуірде болған Ұлттық инвесторлар кеңесінің отырысында Елбасы шағын және орта бизнестің орта санатты тұрғындардың әл-ауқатының негізін қалаушы фактор болып табылатынын атап өтті.

Қазақстандағы шағын кәсіпкерлік жаппай әрі қарқынды сипатқа ие құбылысқа айналды, мұны шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері санының көбеюі көрсетеді. 2014 жылдың басындағы жағдай бойынша ШОБ субъектілерінің саны 1,5 млн. бірлікті құрады, бұл сектор еліміздің әр алтыншы тұрғынын жұмыспен қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда еліміздің азаматтарының кәсіпкерлік бастаманы іске асыруына қажетті барлық жағдайлар жасалған. Биліктің барлық деңгейлерінде мемлекеттің бизнеспен диалогының толық-қанды жүйесі қалыптастырылды, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің стандарттары бойынша кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларын жақсартуға бағытталған жүйелік шаралар қолданылуда.

Жоғарыда аталғандарды растайтын факт – Қазақстан халықаралық рейтингтерде жоғары орындардан көрініп отыр. Мысалға, 2013 жылдың қорытындылары бойынша еліміз бизнес жүргізудің негізгі параметрлері бойынша рейтингтерде жоғары көтерілді. Қазіргі сәтте Бүкіләлемдік Банктің «Doing Business» рейтингі бойынша 189 елдің ішінде Қазақстан 50-ші орында.

Елбасының Ұлттық қордан кәсіпкерлікті қолдауға, индустрияландыру және инфрақұрылым жобаларына және банк секторын оңалтуға 1 трлн. теңге бөлу бастамасы шағын және орта бизнесті қолдауға түрткі болды. Осы қаражаттың алғашқы 100 млрд. теңгесі шағын және орта бизнесті несиелеуге бөлініп, кәсіпкерлерге беріліп үлгерді.

Жалпы барлық бағдарламалар бойынша 16 мыңнан астам кәсіпкерге қаржылық қолдау көрсетілді және 140 мыңнан

УВАЖАЕМЫЕ ДАМЫ И ГОСПОДА!

Сегодня казахстанский бизнес становится одним из основных факторов конкурентоспособности страны. В своем выступлении на заседании Совета национальных инвесторов 11 апреля 2014 года Глава государства отметил, что малый и средний бизнес – это фундамент прочного среднего класса. Малое предпринимательство в Казахстане становится явлением массовым и динамичным, о чем свидетельствует растущее число субъектов малого и среднего предпринимательства, достигшее на начало 2014 года порядка 1,5 млн. и обеспечивающие работой каждого шестого жителя нашей страны.

На сегодня в нашей стране созданы все необходимые условия для реализации гражданами предпринимательской инициативы.

Сформирована полноценная система диалога государства с бизнесом на всех уровнях власти, принимаются системные меры по улучшению условий ведения предпринимательской деятельности по стандартам стран ОЭСР.

Подтверждением этому служит укрепление позиций Казахстана в международных рейтингах. Например, по итогам 2013 года наша страна улучшила свои позиции по ключевым параметрам ведения бизнеса. Так, на данный момент по рейтингу «Doing Business» Всемирного Банка среди 189 стран Казахстан занимает 50-е место.

Мощным стимулом для поддержки малого и среднего бизнеса стала инициатива Главы государства о выделении из Национального фонда 1 трлн. тенге на поддержку предпринимательства, проекты индустриализации и инфраструктуры и оздоровление банковского сектора. Первые 100 млрд. тенге на кредитование малого и среднего бизнеса уже доходят до предпринимателей.

Всего финансовую поддержку по всем программам получили более 16 тысяч предпринимателей и более 140 тысяч человек воспользовались информационно-консультационными услугами в сфере ведения бизнеса, что является беспрецедентным результатом.

адам бизнес жүргізу саласындағы ақпараттық-кеңес беру қызметтерін пайдаланды, бұл бұрын-соңды болмаған нәтиже.

Еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлік дамуының қазіргі жағдайына мониторинг жүргізу де мемлекет тарапынан осы секторды қолдаудың маңызды аспекті болып табылады.

Елдегі жеке кәсіпкерліктің жағдайына кешенді шолу, сондай-ақ мемлекеттік қолдаудың іске асырылып жатқан бағдарламаларын талдау осы сектордың дамуы жағдайын толықтай көруге және оны дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың ілгері бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Осы жұмыстың аясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қазақстандағы және оның аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есептің алтыншы шығарылымын дайындады.

Бұл ақпараттық-талдамалы есеп Сізге еліміздегі және аймақтарындағы кәсіпкерлік дамуының бүгінгі таңдағы жағдайына деген шынайы көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі деп үміттенемін.

Барлық оқырмандарға еліміздің көркеюі жолында атқарған жұмыс жемісті әрі сәтті болсын деп тілегім келеді.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары**

Б. Сағынтаев

Важным аспектом процесса государственной поддержки малого и среднего предпринимательства в нашей стране является и мониторинг современного состояния развития данного сектора.

Комплексный обзор состояния частного предпринимательства в стране, а также анализ результатов реализуемых программ государственной поддержки позволяют увидеть целостную картину развития данного сектора и выявить дальнейшие направления государственной политики по его развитию.

В рамках этой работы АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» подготовлен шестой выпуск отчета о состоянии развития малого и среднего предпринимательства в Казахстане и его регионах.

Надеюсь, что данный информационно-аналитический отчет поможет вам сформировать объективный взгляд на современное развитие предпринимательства в нашей стране и ее регионах.

Позволюте пожелать всем читателям удачи и плодотворной работы во благо процветания нашей страны!

**С уважением,
Первый Заместитель
Премьер-Министра Республики Казахстан**

Б. Сагинтаев



ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

Сіздерге «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры әзірлеген «Қазақстандағы және аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есептің» алтыншы шығарылымын ұсынамыз.

2014 жылдың наурыз айында бекітілген, 2014-2023 жылдарға арналған «Даму» стратегиясына сай мемлекеттік саясатты іске асыру, әлеуметтік мәселелерге бағдарланған міндеттерді атқару және «Қазақстан-2050» стратегиясында алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында экономиканың басым секторларын қаржыландыру және қолдау көрсету арқылы Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу «Бәйтерек» холдингінің миссиясы болып табылады. Холдингінің стратегиялық даму бағыттарының бірі – шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау. Бұл бағытта жасалатын жұмыстардың аясында Холдинг ШОК-ті қаржылық тұрғыдан қолдаудың көлемін 2013 жылдың қорытындылары бойынша 236 млрд. теңгені құраған сомадан 2023 жылы 583 млрд. теңгеге дейін ұлғайтуды, ал ШОК құзыретін арттыру бағыты бойынша оқыту бағдарламаларына қатысқан, бизнес ашқан қатысушылардың үлесін 2013 жылғы қорытынды бойынша 8%-дан 2023 жылы 25%-ға дейін арттыруды жоспарлап отыр.

Барлығымыз білетіндей, Елбасы 2050 жылға дейін ШОК үлесін елдің жалпы ішкі өнімінің 50%-ына дейін ұлғайту міндетін алға қойды. «Бәйтерек» компаниялар тобындағы «Даму» қоры экономиканың басым секторлары үшін несиелерді кепілдендіру, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, жеңілдікті талаптармен несиелер беру, кеңес беру қызметтерін көрсету және оқыту сияқты құралдарды қамтамасыз ету арқылы осы мәселемен айналысады. «Бәйтерек» холдингі ШОК-ті қолдау бағыты бойынша жұмыс істеген уақытта 2013 жылғы мамыр айынан бастап екінші деңгейдегі банктер және лизингтік компаниялар арқылы 2700-ден астам жоба қаржыландырылды, кәсіпкерлердің 1800 жобасына субсидиялар берілді, 400 жоба «Даму» қорының

УВАЖАЕМЫЕ ДАМЫ И ГОСПОДА!

Перед Вами шестой выпуск «Отчета о состоянии развития малого и среднего предпринимательства в Казахстане и его регионах», разработанного Фондом развития предпринимательства «Даму».

Согласно Стратегии развития на 2014-2023 годы, утвержденной в марте 2014 года, миссией Холдинга «Байтерек» является содействие устойчивому экономическому развитию Казахстана посредством финансирования и оказания поддержки приоритетным секторам экономики в целях реализации государственной политики, решения социально-ориентированных задач и достижения целей, поставленных «Стратегией-2050». Одним из стратегических направлений развития Холдинга является поддержка малого и среднего предпринимательства. В рамках работы по данному направлению Холдинг планирует увеличить объем финансовой поддержки МСП с 236 млрд. тенге по итогам 2013 года до 583 млрд. тенге в 2023 году, а по направлению повышения компетенции МСП повысить долю участников программ обучения, открывших бизнес, с 8% по итогам 2013 года до 25% в 2023 году.

Как известно, Главой государства поставлена задача по увеличению доли МСП до 50% от ВВП страны к 2050 году. В группе компаний «Байтерек» решением данной задачи занимается Фонд «Даму» через предоставление таких инструментов, как гарантирование кредитов, субсидирование процентных ставок, выдача кредитов на льготных условиях для приоритетных секторов экономики, оказание консультационных услуг и обучение. За время работы Холдинга «Байтерек» с мая 2013 года по направлению поддержки МСП более 2700 проектов было профинансировано через банки второго уровня и лизинговые компании, 1800 проектов предпринимателей получили субсидии, 400 проектов были профинансированы под гарантию Фонда «Даму», 32000 начинающих и действующих предпринимателей прошли обучение, создано и поддержано более 50 000 рабочих мест,

кепілдігімен қаржыландырылды, 32 000 жаңа бастап келе жатқан және қызмет етіп жүрген кәсіпкер оқытудан өтті, 50 000-нан астам жұмыс орны ашылып, қолдау көрсетілді, кәсіпкерлікті қолдауға арналған 161 аудандық орталық іске қосылды, кәсіпкерлерге арналған «Бизнес аумағы» атты бірыңғай веб-портал ашылды.

Елбасының тапсырмасына сай өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК-ті қолдауға бөлінген ҚР Ұлттық қорының 100 млрд. теңге мөлшеріндегі қаражатының сәтті игерілгенін атап өткен жөн. Осы уақыты қолданылған шараның арқасында 438 отандық тауар өндіруші кәсіпорын жылдық 6% мөлшерлеме бойынша жеңілдікпен қаржыландыру мүмкіндігін пайдаланды. Бұл кезде тағам өнеркәсібіндегі жобаларға қаражаттың 38%-нан астамы бағытталды. Өз алдына кәсіпорындар өндірісті кеңейтудің арқасында 4 518 жаңа жұмыс орнын қамтамасыз етті. Қазақстанның ШОК секторын дамытуға жәрдемдесуге бағытталған одан әрі жасалатын жұмыстың аясында «Бәйтерек» холдингі кәсіпкерлерді қаржылық тұрғыдан қолдау көлемін ұлғайтатын болады, соның ішінде бұл үшін тепе-тең талаптармен әр жобаны бірлесіп қаржыландыруға банктерді ынталандыратын болады, сондай-ақ бюджеттен тыс көздерден тартылған қаражаттың үлесін арттыратын болады. Сонымен қатар ШОК-тің құзыретін дамыту жұмысы жалғастырылады. Елбасы және Қазақстан Республикасының Үкіметі алға қойған міндеттерді сәтті атқарамыз және ойластырылған бастамаларды іске асырамыз деп сенемін. Әріптестерімізге, серіктестерімізге және клиенттерімізге жағымды іскерлік климатты және Қазақстанның экономикалық дамуын көздеп жемісті жұмыс істеуін тілеймін.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ
Басқармасы Төрағасы**

Қ. Бишімбаев

запущен в работу 161 районный центр поддержки предпринимательства, открыт единый веб-портал для предпринимателей «Территория бизнеса».

Важно отметить успешное освоение средств Национального фонда РК в размере 100 млрд. тенге, выделенных на поддержку МСП обрабатывающей промышленности согласно поручению Главы государства. Благодаря этой своевременной мере 438 отечественных предприятий-товаропроизводителей смогли получить льготное финансирование по ставке 6% годовых. При этом на проекты в пищевой промышленности было направлено более 38% средств. В свою очередь предприятия, благодаря расширению производства, создали 4 518 новых рабочих мест.

В рамках дальнейшей работы по содействию развитию сектора МСП Казахстана Холдинг «Бәйтерек» будет наращивать объемы финансовой поддержки предпринимателей, в том числе за счет стимулирования банков к софинансированию каждого проекта на паритетных условиях, а также повышения доли привлеченных средств из внебюджетных источников. Кроме этого, будет продолжаться работа по развитию компетенций МСП.

Уверен, что мы успешно исполним задачи, поставленные Главой государства и Правительством Республики Казахстан, и реализуем задуманные инициативы. Позвольте пожелать всем нашим коллегам, партнерам и клиентам благоприятного делового климата и плодотворной работы в интересах экономического развития Казахстана.

**Председатель Правления
АО «Национальный управляющий холдинг «Бәйтерек»**

К. Бишімбаев



ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

«Қазақстан және аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп» кітабының алтыншы шығарылымын ұсынуға рұқсат етіңіз.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры 16 жыл бойы жаңа бастап жүрген және қызмет етіп жүрген кәсіпкерлерге өз әлеуетін іске асыруға және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектесіп келеді. «Даму» қоры шағын және орта бизнеске қаржылық және қаржылық емес қызметтерді көрсету функцияларын нәтижелі түрде атқарады, мемлекеттің, серіктестердің және кәсіпкерлердің сенім артуына лайық ұйым болып табылады.

2014 жылдың басында «Даму» қорының жәрдемімен жеке кәсіпкерліктің 16 мыңнан астам субъектісі жеңілдікпен қаржыландыру мүмкіндігін пайдаланды. «Бизнестің жол картасы 2020» бағарламасының аясында жалпы құны 830 миллиард теңгеден асатын 3,6 мыңнан астам жоба бойынша сыйақының мөлшерлемесі субсидияланды, 260-тан астам кәсіпкерге несиелік кепілдіктер берілді. Тағы 55 мың кәсіпкер бизнес жүргізу саласындағы құзыретін арттыру курсынан өтті.

2013 жылы «Даму» қоры кәсіпкерлерді қолдау инфрақұрылымын құру жұмысын жалғастырды. Астана, Алматы, Семей қалаларында және барлық облыс орталықтарында 17 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы толықтай жұмыс істеуде. Сондай-ақ 27 моно-қаланың барлығында Кәсіпкерлікті қолдау орталықтары (КҚО) және аудандарда 14 көшпелі КҚО кеңес беру қызметтерін көрсетеді. 2014 жылы аудан орталықтарында және шағын қалаларда стационарлық КҚО-ның жұмысын қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

УВАЖАЕМЫЕ ДАМЫ И ГОСПОДА!

Позвольте представить вам шестой выпуск книги «Отчет о состоянии развития малого и среднего предпринимательства в Казахстане и его регионах».

На протяжении 16 лет Фонд развития предпринимательства «Даму» помогает начинающим и действующим предпринимателям реализовать свой потенциал и достичь поставленных целей. Эффективно исполняя функции по предоставлению финансовых и нефинансовых услуг для малого и среднего бизнеса, Фонд «Даму» сохраняет высокий уровень доверия со стороны государства, партнеров и предпринимателей.

На начало 2014 года при содействии Фонда «Даму» льготное финансирование получили более 16 тысяч субъектов частного предпринимательства. В рамках программы «Дорожная карта бизнеса 2020» субсидирование ставки вознаграждения получили более 3,6 тысяч проектов общей стоимостью свыше 830 миллиардов тенге, кредитные гарантии предоставлены более 260 предпринимателям. Еще 55 тысяч предпринимателей прошли курсы повышения компетенции в сфере ведения бизнеса.

В 2013 году Фонд «Даму» продолжал работу по созданию инфраструктуры поддержки предпринимателей. Уже полностью функционируют 17 Центров обслуживания предпринимателей в Астане, Алматы, Семее и во всех областных центрах. Также консультационные услуги оказывают Центры поддержки предпринимательства (ЦПП) во всех 27 моногородах и 14 мобильных ЦПП в районах. В планах на 2014 год обеспечить функционирование стационарных ЦПП в районных центрах и малых городах.

ШОБ секторының жағдайын бақылау «Даму» қоры жұмысының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты «Даму» қоры алты жыл бойы жыл сайынғы «Қазақстандағы және аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп» шығарады. Есепке жалпы елдегі және жеке аймақтағы шағын-орта кәсіпкерліктің даму жағдайына және қарқынына шолу, кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларын іске асыру нәтижелерінің, маркетингтік зерттеулердің сипаттамасы, халықаралық тәжірибе жөніндегі деректер және жоғары оқу орындарының сарапшылары дайындаған мақалалар кіреді.

Бұл есеп барлық оқырмандарға пайдалы әрі қызықты ақпарат береді деп үміттенемін. Сіздің одан әрі өркендей беруіңізге және табысқа қол жеткізуіңізге тілектеспін!

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Басқармасы Төрайымы**

Ләззат Ибрагимова

Немаловажным в работе Фонда «Даму» является отслеживание информации о состоянии сектора МСБ. В связи с этим на протяжении шести лет подряд Фонд «Даму» выпускает ежегодный «Отчет о состоянии развития малого и среднего предпринимательства в Казахстане и его регионах». Отчет включает обзор состояния и динамики развития МСП страны в целом и по каждому региону, описание результатов реализации программ поддержки предпринимательства, маркетинговых исследований, данные по международному опыту и статьи, подготовленные экспертами вузов. Надеюсь, что данный Отчет будет источником полезной и интересной информации для всех читателей. Позвольте пожелать вам успехов и дальнейшего процветания!

**Председатель Правления
АО «Фонд развития предпринимательства «Даму»**

Ляззат Ибрагимова

1

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ
ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНА ЖӘНЕ
ҚАРҚЫНЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ**

**МОНИТОРИНГ СОСТОЯНИЯ И ДИНАМИКИ РАЗВИТИЯ
МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**


1.1. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТИЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫНДАҒЫ ШОК СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ҮЛЕСІ

2013 жылы Қазақстанда тіркелген ШОК субъектілерінің саны 10%-ға артты, осының нәтижесінде ШОК субъектілерінің жалпы саны 1 542 мың бірлікке жетті, ал елдегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санындағы олардың үлесі 95,1% деңгейінде тұрақтады. Салалар тұрғысынан қызметтер көрсету, білім беру, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар және сауда салаларындағы өсім ең жоғары болып отыр.

1.1. ДОЛЯ СУБЪЕКТОВ МСП В ОБЩЕМ КОЛИЧЕСТВЕ ХОЗЯЙСТВУЮЩИХ СУБЪЕКТОВ

За 2013 год количество зарегистрированных субъектов МСП в Казахстане увеличилось на 10%, в результате чего общее количество субъектов МСП достигло 1 542 тыс. единиц, а их доля в общем количестве хозяйствующих субъектов в стране оценивается на уровне 95,1%. В разрезе отраслей наибольший прирост наблюдался в сферах предоставления услуг, образования, операций с недвижимым имуществом и торговли.

Тіркелген ШОК субъектілері санының құбылысы және шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санындағы олардың үлесі



Динамика количества зарегистрированных субъектов МСП и их доли в общем количестве хозяйствующих субъектов

Ескертпе: ҚР Статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды.

* 2013 жылғы деректер жедел ақпараттың негізінде жасалды.

Примечание: Составлено по данным Агентства РК по статистике (www.stat.gov.kz).

* Данные за 2013 г. составлены на основе оперативной информации

ШОК субъектілерінің саны халықаралық сарапшылар атап өткен, бизнес жүргізу жағдайларында орын алған жағымды өзгерістердің нәтижесінде өсіп отыр. Атап айтқанда, Бүкіләлемдік банктің 2014 жылға арналған «Doing Business» рейтингінде Қазақстан 50-орынға тұрақтады. Мұндай жағымды құбылыстарға бірінші кезекте меншікті тіркеуді (18-орын) және салық салуды (18-орын) жеңілдетуге бағытталған іс-шаралардың арқасында қол жеткізілді.

Рост количества субъектов МСП происходит на фоне благоприятных изменений в условиях ведения бизнеса, которые отмечаются международными экспертами. В частности, в рейтинге Всемирного банка «Doing Business» на 2014 год Казахстан занял 50 позицию. Положительная динамика, в первую очередь, была обеспечена за счет мероприятий по упрощению регистрации собственности (18 позиция) и налогообложения (18 позиция).

1.2. БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ ТІРКЕЛГЕН ШОК СУБЪЕКТИЛЕРІ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ҚҰБЫЛЫСЫ


2013 жылы тіркелген және белсенді ШОК субъектілерінің саны одан әрі көбейе түсті. Сөйтіп 2010 жылдан бастап ШОК секторы жалпы экономиканың қалпына келуінің арқасында кеңейіп келеді. Жалпы соңғы 9 жылда тіркелген ШОК субъектілерінің саны 108%-ға, белсенді субъектілердің саны 72%-ға артты.

1.2. ДИНАМИКА АКТИВНЫХ И ЗАРЕГИСТРИРОВАННЫХ СУБЪЕКТОВ МСП

Динамика количества зарегистрированных и активных субъектов МСП в 2013 году сохранила положительную тенденцию роста. Таким образом, с 2010 года сектор МСП продолжает расширяться на фоне восстановления роста экономики в целом. В целом за последние 9 лет количество зарегистрированных субъектов МСП выросло на 108%, активных — на 72%.

Белсенді және тіркелген ШОК субъектілері өсімінің қарқыны

Динамика темпов роста активных и зарегистрированных субъектов МСП




Ескертпе: ҚР Статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды.
* 2013 жылғы деректер жедел ақпараттың негізінде жасалды.
Примечание: Составлено по данным Агентства РК по статистике (www.stat.gov.kz).
* Данные за 2013 г. составлены на основе оперативной информации

2013 жылдың соңына таман тіркелген ШОК субъектілерінің абсолюттік саны 2005 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 799 мың бірлікке, белсенді ШОК субъектілерінің абсолюттік саны 364 мың бірлікке артты. Бұл кезде тіркелген ШОК субъектілерінің жалпы санындағы белсенді ШОК субъектілерінің үлесі 2009 жылдың соңына дейін ұлғайып, 68%-дан 71%-ға дейін артса, 2010 жылы 55%-ға қысқарды. Жедел деректерге сай 2013 жылдың қорытындылары бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің санындағы белсенді түрде қызмет ететін ШОК субъектілерінің деңгейі 58%-ды құрады.

В абсолютном выражении к концу 2013 года количество зарегистрированных субъектов МСП увеличилось на 799 тыс. ед. по сравнению с показателем 2005 года, количество активных субъектов МСП – на 364 тыс. ед. При этом доля активных субъектов МСП в общем числе зарегистрированных субъектов МСП, имевшая положительную тенденцию до конца 2009 года, увеличившись с 68% до 71%, в 2010 году сократилась до 55%. По итогам 2013 года согласно оперативным данным уровень активно действующих субъектов МСП в числе зарегистрированных также составил 58%.

Белсенді ШОК субъектілері санының құбылысы және шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санындағы олардың үлесі

Динамика количества активных субъектов МСП и их доли в общем количестве зарегистрированных субъектов




Ескертпе: ҚР Статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды.
* 2013 жылғы деректер жедел ақпараттың негізінде жасалды.
Примечание: Составлено по данным Агентства РК по статистике (www.stat.gov.kz).
* Данные за 2013 г. составлены на основе оперативной информации

1.3. БЕЛСЕНДІ ШОК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАР БОЙЫНША ҚАЛЫПТАСҚАН ҚҰРЫЛЫМЫ

Ұйымдық-құқықтық нысандар бойынша белсенді ШОК субъектілерінің құрылымында заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын субъектілер болып табылатын жеке кәсіпкерлер басым, 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша олардың саны 637,7 мың бірлікті немесе белсенді ШОК субъектілерінің жалпы санының 79%-ын құрады. Шаруа-фермерлік қожалықтар (ШФҚ) саны 164,4 мың бірлікті немесе 20%-ды, ал заңды тұлғалар болып табылатын ШОК кәсіпорындарының саны 69,4 мың субъектіні немесе белсенді ШОК субъектілерінің жалпы санының 8%-ын құрады.

ШОК субъектілерінің ұйымдық-құқықтық нысандар түрғысынан қалыптасқан құрылымы



Ескертпе: ҚР Статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды.

* 2013 жылғы деректер жедел ақпараттың негізінде жасалды.

Примечание: Составлено по данным Агентства РК по статистике (www.stat.gov.kz).

*Данные за 2013 г. составлены на основе оперативной информации

1.3. СТРУКТУРА АКТИВНЫХ СУБЪЕКТОВ МСП ПО ОРГАНИЗАЦИОННО-ПРАВОВЫМ ФОРМАМ

В структуре активных субъектов МСП по организационно-правовым формам преобладают субъекты, осуществляющие предпринимательскую деятельность без образования юридического лица – это индивидуальные предприниматели, количество которых на 1 января 2014 года составило 637,7 тыс. единиц или 79% от общего количества активных субъектов МСП. Количество КФХ составило 164,4 тыс. или 20%, а юридических лиц – предприятий МСП – 69,4 тыс. субъектов или 8% общего количества активных субъектов МСП.

Структура субъектов МСП в разрезе организационно-правовых форм

2005 жылдан бастап 2013 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңде ұйымдық-құқықтық нысандар түрғысынан белсенді ШОК субъектілерінің жағдайында келесі тенденциялар байқалады:


1. 9 жылда елдегі жеке кәсіпкерлердің саны 115%-ға артты. Бұл кезде белсенді ШОК субъектілерінің құрылымындағы ЖК-лердің үлесі 2005 жылғы 59% көрсеткішінен 2013 жылы 79%-ға дейін біртіндеп өсті;
2. шаруа (фермерлік) қожалықтарының саны 5%-ға көбейді. Белсенді ШОК субъектілерінің құрылымындағы ШФҚ-ның үлесі азайып келеді: 2005 жылы олар 31%-ды құраса, 2013 жылы 20%-ды құрады;
3. 2005 жылдан бастап ШОК кәсіпорындарының саны 31%-ға өсті. 2005 жылдан бері белсенді ШОК құрылымындағы ШОК кәсіпорындарының саны 2%-ға қысқарып, 2013 жылы 8%-ды құрады.

В динамике активных субъектов МСП в разрезе организационно-правовых форм в период с 2005 по 2013 год прослеживаются следующие тенденции:

1. количество индивидуальных предпринимателей в стране за 9 лет увеличилось на 115%. При этом доля ИП в структуре активных МСП постепенно выросла с 59% в 2005 году до 79% в 2013 году;
2. количество крестьянских (фермерских) хозяйств увеличилось на 5%. Доля КФХ в структуре активных МСП имеет тенденцию к сокращению: если в 2005 году она составляла 31%, то в 2013 году – 20%;
3. количество предприятий МСП с 2005 года выросло на 31%. Доля предприятий МСП в структуре активных МСП с 2005 года сократилась на 2 процентных пункта и составила в 2013 году – 8%.

Белсенді ШОК субъектілері санының құбылысы, мың бірлік

Динамика количества активных субъектов МСП, тыс. ед.



Ескерте: ҚР Статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды.

* 2013 жылғы деректер жедел ақпараттың негізінде жасалды.

Примечание: Составлено по данным Агентства РК по статистике (www.stat.gov.kz).

*Данные за 2013 г. составлены на основе оперативной информации

1.4. ШОК САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН АДАМДАРДЫҢ САНЫ

ШОК саласында қызмет ететін адамдардың саны көрсеткішіне жүргізілген талдау көрсетіп отырғандай, жұмыспен қамту мәселесін шешудегі Қазақстан кәсіпкерлігінің маңызы зор. 2013 жылы ШОК саласында белсенді түрде қызмет ететін тұрғындардың үлестік саны экономикаға қатысы бар жұмыс істейтін адамдардың жалпы санының 31%-ын құрады. Жалпы 2005 жылдан 2013 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңде осы көрсеткіш өсіп отыр: ШОК саласында белсене қызмет ететін адамдардың үлесі 2005 жылмен салыстырғанда 5 пайызға өсіп отыр.


9 жылда ШОК секторындағы жұмыс орындарының абсолюттік саны 760 мыңға көбейді. Ал 2013 жылдың өзінде ғана ШОК секторындағы жұмыспен қамту деңгейі 253 мың адамға көбейді. Осының нәтижесінде 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ШОК-тегі жұмыс орындарының саны 2 636 мың адам деңгейіне жетті (бұл ағымдағы сәттегі ең жоғары көрсеткіш болып отыр).

1.4. ЧИСЛЕННОСТЬ ЗАНЯТЫХ В МСП

Анализ показателя численности занятых в МСП характеризует значение предпринимательства Казахстана в решении проблемы занятости. Удельный вес населения, активно занятого в МСП составил в 2013 году 31% от общей численности занятых в экономике. Динамика данного показателя в период с 2005 по 2013 год имеет общую тенденцию роста: доля активно занятого в МСП населения увеличилась на 5 процентных пунктов по отношению к 2005 году. В абсолютном выражении за 9 лет количество рабочих мест в секторе МСП увеличилось на 760 тыс. Непосредственно за 2013 год занятость в секторе МСП выросла на 253 тыс. человек. В результате этого по состоянию на 01.01.2014 года количество рабочих мест в МСП достигло уровня 2636 тыс. человек (максимальное значение к текущему моменту).

Жұмыспен қамтылған ел тұрғындарының жалпы санындағы ШОК саласында қызмет ететін адамдардың үлесі

Доля занятых в МСП в общей численности занятого населения страны



Ескерту: ҚР статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды.

* 2013 ж. деректері оперативтік ақпараттар негізінде жасалды.

Примечание: Составлено по данным Агентства РК по статистике (www.stat.gov.kz).

*Данные за 2013 г. составлены на основе оперативной информации

1.5. ШОК СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ӨНІМДЕР ШЫҒАРУЫ


Белсенді ШОК субъектілерінің өнімдер шығаруының абсолюттік ақшалай көлемі жыл сайын ұлғайып келеді. 2008 жылы көрсеткіштің күрт өскені байқалды, ол кезде көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 2 есе дерлік өскен еді. Бұған жеке кәсіпкерлік туралы заңнамаға енгізілген өзгерістер себеп болды: орта кәсіпкерлік субъектілерін айқындаудың жаңа критерийлері енгізілді, осының нәтижесінде орта кәсіпкерлік субъектілеріне бұрын ірі деп жіктелген кәсіпорындардың бір бөлігі жатқызылды.

1.5. ВЫПУСК ПРОДУКЦИИ СУБЪЕКТАМИ МСП

Выпуск продукции активными субъектами МСП в абсолютном денежном выражении ежегодно увеличивается. Резкий рост показателя наблюдался в 2008 году – почти в 2 раза по сравнению с предыдущим годом. Это произошло в результате внесения изменений в законодательство о частном предпринимательстве: были введены новые критерии определения субъектов среднего предпринимательства, за счет чего в их число вошла часть предприятий, ранее классифицировавшихся как крупные.

ШОК-тің Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өніміне (ЖІӨ) қосқан үлесі

Вклад МСП в ВВП Республики Казахстан



Ескертпе: ҚР Статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) деректері бойынша жасалды.
 * 2012 жылғы деректер жедел ақпараттың негізінде жасалды.
 Примечание: Составлено по данным Агентства РК по статистике (www.stat.gov.kz).
 * Данные за 2013 г. составлены на основе оперативной информации

Соңғы үш жылда Қазақстанда ЖІӨ-нің заттай тұрғыдан тұрақты өсіп келе жатқаны байқалып отыр. Айталық, 2011 жылы 7,5%-ға ұлғаяудың нәтижесінде ЖІӨ 27 301 млрд. теңгені құрады. 2012 жылы ЖІӨ 5%-ға өсіп, 30 073 млрд. теңге деңгейіне жетті. 2013 жылы ЖІӨ 6%-ға артып, 33 521 млрд. теңгені құрады.

2013 жылы ШОК-тің өнімдер шығару көлемі 9 020 млрд. теңгені құрады деп бағаланып отыр. ЖІӨ-мен ара қатынаста бұл 27%-ды құрайды. 2013 жылы ШОК өнімдерінің шынайы өсімі 3,3%-ды құрады.

В течение последних трех лет ВВП Казахстана в реальном выражении демонстрирует стабильный рост. Так, в 2011 году в результате увеличения на 7,5% ВВП составил 27 301 млрд. тенге. В 2012 году ВВП вырос на 5%, что позволило достичь уровня 30 073 млрд. тенге. За 2013 год ВВП увеличился на 6% и составил 33 521 млрд. тенге.

Выпуск продукции МСП за 2013 год оценивается на уровне 9 020 млрд. тенге, что в соотношении с ВВП составляет 27%. Реальный прирост продукции МСП за 2013 год составил 3,3%.


1.6. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ НЕСИЕЛЕУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ҚҰБЫЛЫСЫ

2013 жылы банктердің несиелер беруінің жалпы көлемі 15%-ға өсіп, 8,3 трлн. теңгеден асты. Алайда кәсіпкерлік мақсаттарға берілген несиелердің өсімі тек 6%-ды ғана құрады. Ал шағын кәсіпкерлікке берілген несиелер бұл жылы 15%-ға төмендеді. Бұған халықтың ұлттық валютада салған салымдары өсімі қарқынының төмендеуі негізгі себеп болуы мүмкін: бір жылда халықтың теңгеде салған салымдарының үлесі 61%-дан 56%-ға дейін азайды (сәйкесінше шетелдік валютадағы салымдардың үлесі 39%-дан 44%-ға ұлғайды). Сонымен қатар шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 92%-ы теңгемен қаржыландырылады, ал экономика несиелерінің жалпы құрылымындағы теңгемен берілген несиелердің үлесі 86%-ды құрайды. 2012 жылы кері жағдай қалыптасты, ол кезде халықтың теңгедегі салымдарының өсуімен қатар банктердің шағын кәсіпкерлікті несиелеуі деңгейінің өсімі де орын алды.

1.6. ДИНАМИКА КРЕДИТОВАНИЯ МАЛОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

Общие объемы банковского кредитования за 2013 год выросли на 15%, превысив 8,3 трлн. тенге. Вместе с этим рост кредитов на предпринимательские цели составил только 6%. А кредиты, выданные малому предпринимательству, за год снизились на 15%. Основной причиной могло послужить снижение темпов роста вкладов населения в национальной валюте: за год доля вкладов населения в тенге снизилась с 61% до 56% (соответственно, доля вкладов в иностранной валюте увеличилась с 39% до 44%). Вместе с этим субъекты малого предпринимательства на 92% финансируются в тенге, тогда как в целом в общей структуре кредитов экономике доля тенговых кредитов составляет 86%. Обратная картина наблюдалась в 2012 году, когда на фоне роста вкладов населения в тенге происходил и рост кредитования малого предпринимательства банками.

ЕДБ-дің шағын кәсіпкерлікті несиелеуінің қарқыны, тоқсандар бойынша млрд. теңгемен көрсетілген



Динамика кредитования малого предпринимательства БВУ по кварталам, млрд. тенге


Ескертпе: ҚР Ұлттық Банкінің (www.nationalbank.kz) деректері бойынша жасалды.
 Примечание: Составлено по данным Национального банка РК (www.nationalbank.kz).

2008-2010 жылдары ЕДБ-дің шағын кәсіпкерлікке несиелер беруі көлемінің төмендеуі шағын кәсіпкерлікке берілген несиелер портфелінің мөлшеріне әсерін тигізді. 2009 жылдан бастап портфельдің мөлшері 25%-ға қысқарды. ЕДБ-дің экономикаға берген несиелерінің ұлғаюымен қатар ондағы шағын кәсіпкерлікке берілген несиелердің үлесі төмендеді: 2009 жылы 22%-ды құраса, 2013 жылы 11%-ға түсті.

Снижение ежегодных выдач кредитов БВУ малому предпринимательству в 2008–2010 годах отразилось на размерах портфеля по кредитам малому предпринимательству. Начиная с 2009 года размер портфеля сократился на 25%. При одновременном увеличении портфеля БВУ по кредитам экономике, доля кредитов малому предпринимательству в нем также снизилась: с 22% в 2009 году до 11% в 2013 году.

ЕДБ-дің экономикаға және шағын кәсіпкерлікке берген несиелерінің ссудалық портфелі

Ссудный портфель кредитов БВУ экономике и малому предпринимательству



Ескертпе: ҚР Ұлттық Банкінің (www.nationalbank.kz) деректері бойынша жасалды

Примечание: Составлено по данным Национального Банка РК (www.nationalbank.kz)

1.7. ШОК МАКРОКӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ


Экономика салаларының тұрғысынан ШОК субъектілерінің құрылымы кәсіпкерлік секторының және жалпы экономиканың сапалық тұрғыдан дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Өнеркәсіп кәсіпорындары, бірінші кезекте өңдеу саласындағы кәсіпорындар ел экономикасының диверсификацияланған түрде дамуын қамтамасыз етеді.

1.7. ОТРАСЛЕВАЯ СТРУКТУРА МАКРОПОКАЗАТЕЛЕЙ МСП

Структура субъектов МСП в разрезе отраслей экономики является важным показателем качественного развития предпринимательского сектора и экономики в целом. Предприятия промышленности, в первую очередь, в обрабатывающей сфере, обеспечивают диверсифицированное развитие экономики страны.

ШОК макрокөрсеткіштерінің салалық құрылымы

Отраслевая структура макропоказателей МСП



Ескертпе: 1. Несие портфелі жөніндегі деректер шағын кәсіпкерлікке берілген несиелердің негізінде келтірілген.

2. Ескертпе: ҚР Статистика агенттігінің (www.stat.gov.kz) және ҚР Ұлттық Банкінің (www.nationalbank.kz) деректері бойынша жасалды.

Примечание: 1. Данные по кредитному портфелю приведены на основе кредитов малому предпринимательству.

2. Составлено по данным Агентства РК по статистике (www.stat.gov.kz) и Национального банка РК (www.nationalbank.kz).

Қазақстанда белсенді ШОК субъектілерінің басым бөлігі сауда саласында (44%) және ауыл шаруашылығында (19%) қызметін жүзеге асырады. Бұл кезде 2005 жылдың деректерімен салыстырғанда саудадағы ШОК субъектілерінің үлесі 8%-ға ұлғайды, ал ауыл шаруашылығындағы үлесі 13%-ға азайды. Көлік және байланыс саласында белсенді ШОК субъектілерінің 7%-ы қызмет етеді, құрылыс саласындағы үлесі – 2%, өнеркәсіп секторындағы үлесі 3%-ды құрайды. 2005 жылмен салыстырғанда экономиканың осы үш саласындағы белсенді ШОК субъектілері үлесінің көрсеткіштерінің өзгерісі шамалы.

ШОК-те қызмет етіндер санының салалық жағдайы тұрғындарды жұмыспен қамту әлеуметтік міндетін шешудегі ШОК субъектілерінің ролін көрсетеді. Бұл көрсеткіш экономиканың белгілі бір салаларындағы әрекет етуші ШОК субъектілерінің санына тәуелді, мұнымен салалық тұрғыдағы пропорциялардың ұқсастығын түсіндіруге болады – әрекет етуші ШОК субъектілері санының өсімі жұмыспен қамту мәселелерін сәйкесінше шешеді.

Сондай-ақ 2013 жылы ШОК-те жұмыс істейтін тұрғындар санының құбылысында ауыл шаруашылық саласында қызмет ететін тұрғындар үлесінің азаюы байқалып отыр, 2005 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 16 пайызға қысқарды. Бұл кезде өнеркәсіп және көлік пен байланыс салаларындағы ШОК-те қызмет ететіндердің үлесі 1%-ға өссе, сауда саласында 2%-ға өсті.

ШОК-тің өнімдер шығаруының салалық құрылымына жүргізілген талдау өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін ШОК субъектілерінің маңызды ролін растайды. Бұл салада әрекет етуші ШОК субъектілерінің бар-жоғы 3%-ы қызмет етеді, олар барлық салалардағы ШОК субъектілерінің өнімдер шығару көлемінің 16%-ын қамтамасыз етеді. Құрылыс саласында да ұқсас жағдай қалыптасып отыр, бұл салада барлық салалардың ШОК субъектілерінің өнімдер шығару көлемінің 20%-ын қамтамасыз ететін белсенді ШОК субъектілерінің 2%-ы жұмыс істейді. Бұл кезде 2013 жылдың соңында өнеркәсіп және құрылыс салаларында жұмыс істейтін ШОК-тің шығару үлесі 2005 жылмен салыстырғанда 1 пайызға ұлғайды.

ШОК субъектілерінің санындағы басым бөлікті құрайтын сауда саласы (44%) барлық салалардағы ШОК-тің өнімдер шығару көлемінің бар-жоғы 23%-ын қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығындағы ШОК субъектілеріне де осындай жағдай тән, олар ШОК субъектілерінің жалпы санының 19%-ын құрай отырып, барлық салалардағы ШОК субъектілерінің шығаратын өнімдерінің тек 12%-ын ғана қамтамасыз етеді.

Көлік және байланыс саласындағы ШОК субъектілері өнімдердің көлемін шығарылған өнімдерге тең дерлік мөлшерде ұлғайту арқылы ЖІӨ өсімін қамтамасыз ету экономикалық мәселесін шешеді: салалық тұрғыдағы ШОК субъектілері санының 7%-ын құрайтын бұл сала барлық салалардағы ШОК субъектілер шығарған өнімдердің 9%-ын қамтамасыз етеді. Кәсіпкерлік секторының дамуы және қалыпты түрде жұмыс істеуі компаниялардың айналымдық құралдарын толықтырудың негізгі көзі болып табылатын несиелеумен тығыз байланысты. Жеке кәсіпкерлік секторын қаржыландыру көлемінің азаюы елдің ЖІӨ-нің өсу қарқынының төмендеуіне әкеп соғады.

Несие портфелінің салалық құрылымының бұл құбылыстары көрсетіп отырғандай, экономиканың басым секторларын

В Казахстане наибольшее число активных субъектов МСП осуществляют свою деятельность в сфере торговли (44%) и в сельском хозяйстве (19%). При этом, в сравнении с данными 2005 года доля субъектов МСП в торговле увеличилась на 8%, а в сельском хозяйстве – снизилась на 13%. В сфере транспорта и связи осуществляют свою деятельность 7% активных субъектов МСП, в сфере строительства – 2%, в промышленном секторе – 3%. Показатели доли активных субъектов МСП в данных трех отраслях экономики в сравнении с 2005 годом практически не изменились.

Отраслевое представление количества занятых в МСП характеризует роль субъектов МСП в решении социальной задачи по обеспечению занятости населения. Данный показатель существенно зависит от количества действующих субъектов МСП в тех или иных отраслях экономики, что объясняет схожие пропорции в отраслевом разрезе – рост количества действующих субъектов МСП пропорционально решает вопросы занятости.

Динамика численности занятых в МСП также показывает тенденции сокращения доли занятых в сфере сельского хозяйства в 2013 году – на 16 процентных пунктов по сравнению с 2005 годом. При этом выросла доля занятых в МСП в сферах промышленности и транспорта и связи – на 1%, торговли – на 2%.

Анализ отраслевой структуры выпуска продукции МСП подтверждает позитивную роль субъектов МСП, работающих в сфере промышленности. Здесь осуществляют свою деятельность всего 3% действующих субъектов МСП, которые обеспечивают 16% выпуска продукции субъектов МСП всех отраслей. Аналогичная ситуация и в сфере строительства, где работает 2% активных субъектов МСП, обеспечивающих 20% выпуска продукции МСП всех отраслей. При этом к концу 2013 года доля выпуска МСП, работающих в промышленности и строительстве, увеличилась по сравнению с 2005 годом на 1 процентный пункт.

Торговля, занимая наибольшую долю в количестве субъектов МСП (44%), обеспечивает всего 23% объема выпуска продукции МСП всех отраслей. Аналогичная ситуация характерна и для субъектов МСП сельского хозяйства, которые занимая 19% общего количества субъектов МСП обеспечивают лишь 12% выпуска продукции субъектов МСП всех отраслей.

Субъекты МСП транспорта и связи решают экономическую задачу по обеспечению роста ВВП посредством увеличения выпуска продукции примерно пропорционально их количеству: занимая 7% численности в отраслевом разрезе субъектов МСП, данная отрасль обеспечивает 9% выпуска продукции субъектов МСП всех отраслей.

Развитие и нормальное функционирование сектора предпринимательства тесно связано с кредитованием – основным источником пополнения оборотных средств компаний. Снижение объемов финансирования сектора частного предпринимательства приводит к сокращению темпов роста ВВП страны.

Данные динамики отраслевой структуры кредитного портфеля свидетельствуют о том, что государственная поддержка приоритетных секторов экономики позволила не допустить снижения портфеля и даже способствовала

мемлекеттік қолдау портфельдің азаюын болдырмауға мүмкіндік береді, тіпті өнеркәсіп, көлік және байланыс, қызметтер сияқты салаларда оның мөлшерінің ұлғаюына септігін тигізді. Атап өтетін жайт, ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлік субъектілері әрекет етуші ШОК субъектілерінің жалпы санының 19%-ын құраса да, ЕДБ-тер берген барлық несиелердің тек 3%-ын ғана алды.

2013 жылы құрылыс саласы ЕДБ үшін тартымды сектор болды, белсенді ШОК субъектілері санының 2%-ын құрай отырып, құрылыс кәсіпорындары ЕДБ-дің барлық несиелерінің 10%-ын алды. Бұл жылжымайтын нарықтың жандануына және біртіндеп қалпына келуіне байланысты.

ЕДБ-дің несиелеуі көрсеткіші бойынша сауда саласында әрекет ететін кәсіпкерлік субъектілері басым келеді, олар барлық ШОК субъектілерінің 44%-ын құрай отырып, ЕДБ берген барлық несиелердің 31%-ын алды. Бұл жағдай жеті жыл бойы ел экономикасының өзіне тән ерекшелігі болып келеді.

1.8. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОК СЕКТОРЫНЫҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІН БАСҚА ЕЛДЕРМЕН САЛЫСТЫРУ

Қазақстанның және басқа елдердің ШОК секторының дамуына жүргізілген салыстырмалы талдау көрсетіп отырғандай, ЖІӨ-ге қосқан үлесі және тұрғындарды жұмыспен қамту сияқты көрсеткіштер бойынша еліміз айтарлықтай қалыс қалып отыр. Әлемде шағын және орта компаниялар мен кәсіпорындардың саны көп. Мысалға АҚШ-та, Еуроодақ елдерінде 20 миллионнан астам фирма қызмет етеді, Қытайда 40 млн.-дай шағын және орта кәсіпорын бар, ал Қазақстандағы олардың саны жиырма есе аз (1,5 млн. тіркелген кәсіпорын және жеке кәсіпкер). Алайда салыстыру кезінде тарихи және мәдени дәстүрлерге, экономиканың даму деңгейіне, сондай-ақ ШОК секторын қолдаудың заңнамалық және институционалдық талаптарына байланысты түрлі елдерде жеке кәсіпкерлік дамуының объективті ерекшеліктерінің бар екенін естен шығармаған жөн.

АҚШ-та, Еуропа Одағының елдерінде және Азияда (Қытайда) ШОК субъектілері шығарған өнімдердің жыл сайынғы көлемінің үлесі 52%-дан 60%-ға дейін барады. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш 3 есе дерлік төмен және 17%-ды құрайды.

Шет елдерде шағын және орта бизнес халықты жұмыспен қамтитын басты сала болып табылады, экономиканың инновациялық әлеуетін дамытуға септігін тигізеді. Дамыған елдердегі, сондай-ақ Ресейдегі шағын және орта компанияларда жұмыс істейтіндер үлесінің көрсеткіші экономикалық тұрғыдан белсенді тұрғындардың 50–75%-ындай көлемде. Қазақстанда жалпы жұмыспен қамту көлеміндегі ШОК секторында қызмет ететін адамдардың үлесі де дамыған елдерден төмен: 2013 жылы бұл көрсеткіш 31% деңгейіне жетті. Алайда Қазақстандағы барлық кәсіпорындардың жалпы санындағы ШОК кәсіпорындары үлесінің көрсеткіші 95%-ды құрайды және 98–99%-ды құрайтын бүкіләлемдік көрсеткіштің мәніне жетіп қалды.

увеличению его размера в таких отраслях, как промышленность, транспорт и связь, услуги.

Следует отметить, что субъекты предпринимательства сельского хозяйства, занимая 19% общего числа действующих субъектов МСП, получили всего 3% всех кредитов БВУ.

Привлекательным же сектором для кредитования БВУ в 2013 году оказалась сфера строительства – занимая 2% количества активных субъектов МСП, предприятия строительства получили 10% всех кредитов БВУ. Это связано с оживлением и постепенным восстановлением рынка недвижимости.

Наибольший удельный вес по показателю кредитования БВУ имеют субъекты предпринимательства, действующие в сфере торговли – занимая 44% всех субъектов МСП, они получили 31% всех кредитов БВУ. Эта тенденция является характерной особенностью экономики страны уже в течение семи лет.

1.8. СРАВНЕНИЕ ПОКАЗАТЕЛЕЙ РАЗВИТИЯ СЕКТОРА МСП КАЗАХСТАНА С ДРУГИМИ СТРАНАМИ


Сравнительный анализ развития сектора МСП Казахстана и других стран демонстрирует заметное отставание нашей страны по таким показателям как вклад МСП в ВВП и занятость населения. В мировой практике функционирует огромное количество малых и средних компаний и предприятий. Так, например, в США, странах ЕС функционирует свыше 20 млн. фирм, в Китае насчитывается около 40 млн. мелких и средних предприятий, в то время как в Казахстане их в два десятка раз меньше (1,5 млн. зарегистрированных предприятий и индивидуальных предпринимателей). Однако при сравнении необходимо помнить о наличии объективных специфических особенностей развития частного предпринимательства в разных странах, обусловленных историческими и культурными традициями, уровнем развития экономики, а также законодательными и институциональными условиями поддержки сектора МСП в той или иной стране.

Доля ежегодных объемов выпуска продукции субъектами МСП в США, странах Европейского Союза и Азии (Китай) составляет от 52% до 60%. В Казахстане же величина данного показателя почти в 3 раза ниже и составляет 17%.

В зарубежных странах малый и средний бизнес представляет главную сферу занятости населения, способствуя развитию инновационного потенциала экономики. Показатель доли занятых в малых и средних компаниях в развитых странах, а также в России составляет около 50–75% экономически активного населения. В Казахстане доля населения, занятого в секторе МСП, в общей занятости также гораздо ниже, чем в развитых странах: в 2013 году этот показатель достиг уровня 31%.

В то-же время показатель доли предприятий МСП в общей численности всех предприятий в Казахстане составляет 95% и почти достиг среднемирового значения аналогичного показателя, который составляет 98–99%.

Қазақстанның ШОК макроқорсеткіштерін басқа елдермен салыстыру



Ескертпе: Әр түрлі ақпарат көздерінің деректері бойынша жасалды.
Примечание: Составлено по данным различных источников.

Сравнение макропоказателей МСП Казахстана с другими странами

- ЖІӨ-дегі ШОК үлесі
Доля МСП в ВВП
- Жұмыспен қамту көлеміндегі ШОК үлесі
Доля МСП в занятости
- Кәсіпорындардың жалпы санындағы ШОК үлесі
Доля МСП в общем кчисле предприятий

Сөйтіп дамыған елдермен салыстырғанда Қазақстанның шағын және орта кәсіпорындарының қосылған құнға және жұмыс орындарын жасауға қосқан үлесінің төмендігін өндірістің қалыптасқан салалық құрылымымен түсідіруге болады. Өз алдына бұл құрылым табиғат ресурстарының, технологиялардың бар-жоғының және өндіріс көлемінің негізінде айқындалады.


Сондай-ақ салалық құрылым тұрғысынан да Қазақстанның ШОК секторының дамыған елдерден белгілі бір айырмашылықтары бар. Жоғарыда жазылғандай біздің еліміздегі ШОК субъектілері негізінен көтерме және бөлшек сауда саласында (үлесі 44%-ды құрайды) және ауыл шаруашылығында (19%-ды құрайды) қызмет етсе, экономикасы дамыған елдерде экономиканың салалары бойынша ШОК құрылымы басқаша келеді. Мысалға, АҚШ-та қызметтер саласының басымдығы байқалады, шағын бизнес субъектілерінің 20%-ынан астамы құрылыс және сауда салаларында қызмет етеді, ал өнеркәсіп саласы шағын кәсіпкерліктің тек 2%-ын ғана құрайды. ЕО елдерінде де қызметтер саласындағы (23%), сондай-ақ құрылыс және сауда салаларындағы (33%) ШОК субъектілерінің саны көп, ал өнеркәсіптегі ШОК субъектілерінің үлесі 7%-ды құрайды. Ресейде Қазақстандағындай сауда саласы ШОК салалық құрылымында басым келеді, ал ауыл шаруашылығында қызмет ететін ШОК субъектілерінің үлесі бар-жоғы 3%-ды құраса, өнеркәсіптегі ШОК субъектілерінің үлесі 16%-ды құрайды.

Таким образом, в определенной степени скромный по сравнению с развитыми странами вклад малых и средних предприятий Казахстана в производство добавленной стоимости и создание рабочих мест объясняется сложившейся отраслевой структурой производства, которая, в свою очередь, определяется наличием природных ресурсов, технологий и масштабами производства.

Предусматривается гарантирование кредитов с эффективной ставкой вознаграждения не более 14% годовых и общей суммой не более 750 млн. тенге, срок гарантии составляет не более 84 месяцев.

Гарантия предоставляется в размере не более 50% от суммы кредита, при этом СЧП предоставляет обеспечение не менее 50% от кредита.

По состоянию на 01.01.2014 г. заключено три Договора гарантии:

1. АО «Банк ЦентрКредит» – 2 договора гарантии на сумму 14 млн. тенге, где сумма кредита составила 30 млн. тенге;
2. АО «Delta Bank» – 1 договор гарантии на сумму 4,9 млн. тенге, где сумма кредита составила 12,0 млн. тенге.

4.16.4. УСИЛЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОГО ПОТЕНЦИАЛА

Чтобы консультировать начинающих и действующих СЧП для их последующего финансирования через БВУ в январе 2013 года в г. Жанаозен был открыт Центр развития предпринимательства Регионального филиала Фонда «Даму» по Мангистауской области. Центром проконсультировано 673 СЧП и потенциальных предпринимателей.

ПРОГРАММЫ ПО ПОВЫШЕНИЮ КОМПЕТЕНЦИИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

1. ЧЕТВЕРТОЕ НАПРАВЛЕНИЕ «УСИЛЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОГО ПОТЕНЦИАЛА» ПРОГРАММЫ «ДОРОЖНАЯ КАРТА БИЗНЕСА 2020»

Реализация четвертого направления «Усиление предпринимательского потенциала» программы «ДКБ 2020» началась с 2011 года и нацелена на повышение компетенции предпринимателей и внедрение современных моделей управления бизнесом.

В целях повышения профессионализма субъектов МСБ и вовлечения населения в предпринимательство, Фонд «Даму» в 2009 году разработал и самостоятельно реализовывает Программу «Бизнес-Советник». Благодаря успешным результатам ее реализации данная программа была включена в четвертое направление программы «ДКБ 2020».

Таким образом, в четвертое направление программы «ДКБ 2020» входит поддержка начинающих предпринимателей (старт-ап проекты); сервисная поддержка ведения действующего бизнеса; обучение топ-менеджмента МСБ; модернизация и расширение производств путем установления деловых связей с иностранными партнерами (далее – проект «Деловые связи»).

1.1. ЖАҢА БАСТАП ЖҮРГЕН КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ (СТАРТ-АП ЖОБАЛАРЫ)

Жаңа бастап жүрген кәсіпкерлерді қолдау (старт-ап жобалары) кәсіпкерлікпен айналысуға ынталы тұрғындарға және қызмет етіп жүрген кәсіпкерлерге стандартталған қызметтер пакетін көрсетуді қамтиды. Стандартталған қызметтер пакетіне төменде аталғандар кіреді:

1. кәсіпкерлікпен айналысуға ынталы тұрғындарды және қызмет етіп жүрген кәсіпкерлерді қысқа мерзімді оқытудан өткізу («Бизнес-Кеңесші» жобасы);
2. кәсіпкерге қажетті құжаттардың стандартты пакетін ұсыну;
3. ақпараттық-талдамалық қолдау көрсету және кәсіпкерлердің бизнес-порталға еркін қолжетімділік алуын ұйымдастыру;
4. экономиканың басым салаларындағы маркетингтік зерттеулердің нәтижелерін беру.

Жаңа бастап жүрген кәсіпкерлерді тарту мақсатында «Даму» қоры халықты және кәсіпкерлерді «Бизнес-кеңесші» бағдарламасының артықшылықтары жөнінде хабардар етуді ұйымдастырды: ақпарат аймақтардың бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылды. Нәтижесінде 2014 ж. 01.01. жағдай бойынша «Бизнес-Кеңесші» қысқа мерзімді тренинг-оқыту бағдарламасының аясында оқытылған тыңдаушылардың саны 52 065 адамды құрады, соның ішінде 2013 ж. 19 104 адам оқытылды.

2 кезеңнен тұратын «Оқытушыларды оқыту» шебер сабағы өткізілді: бірінші топ 2013 жылғы 11–13 мамырда, екінші топ 14–16 мамырда оқытылды.

2013 ж. «Бизнес-Кеңесші» жобасының аясында басым он сала жөніндегі маркетингтік зерттеулер жүргізілді, 20 типтік бизнес-жоспар, шағын бизнеске арналған идеялар анықтамалығы әзірленді және «Бизнес-Кеңесші» жобасын ендіру нәтижелері жөніндегі әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізілді.

«Даму» қорының www.damu.kz сайтында «Бизнес-Кеңесші» жобасы туралы жалпы ақпарат үнемі жарияланып, жаңартылып отырады.

1.2. ӘРЕКЕТТЕГІ БИЗНЕСТІ ЖҮРГІЗУГЕ СЕРВИСТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Әрекеттегі бизнесті жүргізуге сервистік қолдау көрсету кәсіпорынды басқару жүйесінің нәтижелілігін арттыру мақсатында осы жүйені жетілдіруге бағытталған. Оған бизнес-үрдістерді қолдауға бағытталған алуан түрлі мамандандырылған қызметтерді көрсету кіреді, соның ішінде:

1. бухгалтерлік және салықтық есеп жүргізу және есептілік жасау;
2. статистикалық есептілік жасау;
3. кеден рәсімдері қызметтері;
4. сапа менеджментінің жүйелерін ендіру жөнінде кеңес беру;
5. заң мәселелері жөнінде кеңес беру;
6. маркетинг мәселелері жөнінде кеңес беру;
7. ақпараттық технологиялар саласында қызмет көрсету.

Қазіргі уақытта компаниялардың барлығы штатта білікті заңгерлерді, маркетологтарды, сапа стандарттарын ендіру жөніндегі мамандарды және т.б. қызметкерлерді жалдай

1.1. ПОДДЕРЖКА НАЧИНАЮЩИХ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ (СТАРТ-АП ПРОЕКТЫ)

Поддержка начинающих предпринимателей (старт-ап проекты) представляет собой предоставление стандартизированного пакета услуг населению с предпринимательской инициативой и действующим предпринимателем. Стандартизированный пакет услуг включает:

1. краткосрочное обучение населения с предпринимательской инициативой и действующих предпринимателей (проект «Бизнес-Советник»);
2. предоставление стандартного пакета необходимых предпринимателю документов;
3. информационно-аналитическую поддержку и организацию свободного доступа предпринимателей к бизнес-порталу;
4. предоставление результатов маркетинговых исследований в приоритетных отраслях экономики.

Для привлечения начинающих Фонд «Даму» организовал информирование населения и предпринимателей о преимуществах программы «Бизнес-советник»: информация размещалась в СМИ в разрезе регионов. В результате количество слушателей в рамках Программы краткосрочного тренинга-обучения «Бизнес-Советник» по состоянию на 01.01.2014 г. составило 52 065, в том числе за 2013 г. было обучено 19 104 человека.

Проведен Мастер-класс «Обучение преподавателей» в 2 этапа: первая группа 11–13 мая; вторая группа 14–16 мая 2013 года.

За 2013 год в рамках проекта «Бизнес-Советник» проведены маркетинговые исследования по десяти приоритетным отраслям, разработаны 20 типовых бизнес-планов, справочник идей для малого бизнеса, и проведена работа по социологическому исследованию о результатах внедрения проекта «Бизнес-Советник».

На сайте Фонда «Даму» www.damu.kz регулярно размещается и обновляется общая информация о проекте «Бизнес-Советник».

1.2. СЕРВИСНАЯ ПОДДЕРЖКА ВЕДЕНИЯ ДЕЙСТВУЮЩЕГО БИЗНЕСА

Сервисная поддержка ведения действующего бизнеса направлена на совершенствование системы управления предприятием в целях повышения его эффективности и включает предоставление широкого спектра специализированных услуг по поддержке бизнес-процессов, в том числе:

1. ведение бухгалтерского и налогового учета и составление отчетности;
2. составление статистической отчетности;
3. услуги по таможенным процедурам;
4. консультирование по внедрению систем менеджмента качества;
5. юридические консультации;
6. консультирование по вопросам маркетинга;
7. обслуживание в сфере информационных технологий.

В настоящее время не каждая компания может позволить себе содержать в штате квалифицированных юристов, маркетологов, специалистов по внедрению стандартов качества

бере алмайды. Кеңес алу үшін және кейбір бизнес-міндеттерді шешу үшін сыртқы мамандарды тартуға болады (аутсорсинг). Бұл әдіс экономикасы дамыған елдерде кеңінен қолданылады. Аутсорсинг қомақты қаржы жұмсамай компаниядағы бизнес-үрдістерді үйлестіруге немесе жақсартуға мүмкіндік береді.

Сервистік қолдау барлық жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тегін көрсетіледі.

«Даму» қоры бағдарламаның операторы ретінде әрекет етеді және сервистік қызметтердің сапасына мониторинг жүргізеді. Сонымен қатар «Даму» қоры жергілікті атқарушы органдарға, сол сияқты сервистік қызметтер көрсететін сервистік компанияларға әдістемелік көмек көрсетеді.

Аймақтарда сервистік қолдауды іске асыру жөніндегі бүкіл ақпарат Қордың сайтында орналастырылады, сондай-ақ мұндай ақпаратты «Даму» қорының Call-центрінің қызметкерлері де береді. 2013 жылы 8 582 ШОК субъектілеріне 45 020 қызмет көрсетілді.

1.3. ШОБ ТОП-МЕНЕДЖМЕНТІН ОҚЫТУ

«ШОБ топ-менеджментін оқыту» «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Жоғары бизнес мектебінің көмегімен жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасының мазмұны «Назарбаев Университеті» ДБҰ-ның академиялық серіктесі болып табылатын, корпоративтік тренингтік бағдарламалар әзірлейтін Дьюк Университетінің бөлімшесі Duke Corporate Education ұйымымен бірлесіп әзірленді.

Арнайы осы курс үшін әзірленген бағдарлама 3 кезеңнен тұрады және келесі бөлімдерді қамтиды:

и т. д. Для получения консультаций или для решения отдельных бизнес-задач можно привлекать внешних специалистов (аутсорсинг). Такая практика широко применяется в странах с развитой экономикой и позволяет при относительно небольших затратах наладить или улучшить бизнес-процессы в компании.

Сервисная поддержка предоставляется бесплатно всем субъектам частного предпринимательства.

Фонд «Даму» выступает оператором программы и проводит мониторинг качества сервисных услуг. Кроме того, Фонд «Даму» оказывает методическую помощь, как местным исполнительным органам, так и сервисным компаниям, предоставляющим сервисные услуги.

Вся информация по реализации сервисной поддержки в регионах размещается на сайте Фонда и представляется сотрудниками Call-центра Фонда «Даму».

В 2013 году общий объем сервисных услуг составил 45 020 услуг 8 582 субъектам МСП.

1.3. ОБУЧЕНИЕ ТОП-МЕНЕДЖМЕНТА МСБ

«Обучение топ-менеджмента МСБ» проводится на базе Высшей школы бизнеса АОО «Назарбаев Университет».

Содержание образовательной программы разработано совместно с академическим партнером АОО «Назарбаев Университет» – Duke Corporate Education – подразделение Университета Дьюк, предоставляющее корпоративные тренинговые программы.

Программа, разработанная специально для данного курса, состоит из 3-х этапов и включает следующие разделы:

| | |
|--|---|
| <p>3 күн 3 дня</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Көзбе-көз бизнес-курс • Очные бизнес-курсы |
| <p>1 ай 1 месяц</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Бизнес-жоспар жазу және өткізу, 1-бөлім: Нарықта жүзеге асыру жоспары • Написание и сдача бизнес-плана Часть 1: План рыночной осуществимости |
| <p>2 ай 2 месяца</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Бизнес-жоспар жазу және өткізу, 2-бөлім • 3 онлайн семинар: кәсіпкерліктегі құқықтық мәселелер, капитал тарту және бизнес-жоспарды таныстыру жолдары • Написание и сдача бизнес-плана Часть 2 • 3 онлайн семинара: правовые вопросы в предпринимательстве, привлечение капитала и как презентовать бизнес-план |
| <p>Бағдарламаның соңы Завершение программы</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Қорытынды сессия, бизнес-жоспарларды қорғау • Сертификаттар табыстау рәсімі • Завершающая сессия, защита бизнес-планов • Церемония вручения сертификатов |

Бірінші кезең: көзбе-көз бизнес-курстан өту. Бірінші кезеңнің аясында «ШОБ топ-менеджментін оқыту» жобасының барлық қатысушылары Астана қаласындағы «Назарбаев Университеті» ДБҰ-ның Бизнес-мектебінде ұзақтығы үш күнді құрайтын көзбе-көз оқудан өтеді. Есептік кезеңде Қазақстанның барлық аймақтарынан және Астана, Алматы қалаларынан келген 210 адам оқытылды.

Екінші кезең: нарықта жүзеге асыру жоспары және онлайн-семинарлар

Көзбе-көз бизнес-курс аяқталғаннан кейін қатысушылар үйлеріне оралып, бір ай бойы бизнес-жоспардың «Нарықта жүзеге асыру жоспары» атты бірінші бөлігін әзірлейді.

Сондай-ақ екі ай бойы келесі тақырыптардағы үш онлайн-семинар ұйымдастырылады: кәсіпкерліктегі құқықтық мәселелер, капитал тарту әдістері, сәтті бизнес-жоспарды таныстыру. Онлайн-семинарлар қазақстандық мамандардың қатысуымен жүргізіледі.

Үшінші кезең: бизнес-жоспарды әзірлеу және қорғау

Курстың қалған уақытында қатысушылар сәтті бизнес-жоспар жасауға тиіс. «Назарбаев Университеті» ДБҰ ақпараттық-талдамалық қолдау көрсетеді, атап айтқанда бизнес-жоспарды жазуға жәрдемдеседі және жетекшілік етеді, қатысушылар жасаған бизнес-жоспарларды бағалайды. Қатысушылар ағылшын тіліне аударылған бизнес-жоспарларды электронды түрде өз бетінше жібереді, АҚШ-тың Дьюк Университетінің (Duke University) шетелдік оқытушылары оларды бағалайды.

Нәтижесінде 2014 ж. 01.01. жағдай бойынша «ШОБ топ-менеджментін оқыту» бағдарламасына қатысушылардың саны 840 адамды құрады, соның ішінде 2013 ж. 420 адам оқытылды.

1.4. «ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫСТАР» ЖОБАСЫ

«Іскерлік байланыстар» жобасы халықаралық және шетелдік ұйымдардың қолдауымен шетелдік серіктестермен іскерлік байланыстарды орнату арқылы өндірістерді жетілдіруге қолдау көрсетуге бағытталған. Жоба екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде білікті отандық және шетелдік бизнес-жатықтырушылар мен кеңесшілердің басшылығымен Астана және Алматы қалаларында бизнес-тренингтер өткізіледі, олар бизнесті жүргізудің қазіргі заманғы әдістерін оқытуға, бизнес-жоспарларды жазуды үйретуге, шетелде іскерлік серіктестерді іздеуге, шетелдік кәсіпорындармен іскерлік байланыстарды орнату дағдыларын дамытуға бағытталған. Екінші кезең басқару жөніндегі нақты мәселелерді зерттеу және іскерлік байланыстар орнату мақсатында жоба қатысушыларының ұқсас бейінді шетелдік кәсіпорындарда тақырыптық бизнес-машықтанудан өтуін көздейді.

Бизнес-тренингтер және шетелдегі машықтану (соның ішінде машықтану өткізілетін елге ұшып бару және ұшып келу, сондай-ақ тұру) тегін ұйымдастырылады, жұмсалатын шығыстар республикалық бюджет қаражатының есебінен төленеді.

Қазіргі уақытта Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Германиялық қоғам (GIZ) және Халықаралық даму жөніндегі АҚШ агенттігі (USAID) шетелде машықтануды ұйымдастырудағы серіктестер болып табылады.

Первый этап: прохождение очных бизнес-курсов.

В рамках первого этапа все участники проекта «Обучение топ-менеджмента МСБ» проходят очное обучение продолжительностью три дня на базе Бизнес-школы АО «Назарбаев Университет» в Астане. За отчетный период, обучение прошли 210 человек из всех регионов Казахстана и гг. Астана, Алматы.

Второй этап: План рыночной осуществимости и онлайн-семинары

По завершении очных бизнес-курсов в течение месяца участники на местах разрабатывают первую часть бизнес-плана: План рыночной осуществимости.

Также в течение двух месяцев организуются три онлайн-семинара на темы: правовые вопросы в предпринимательстве, методы привлечения капитала, презентация успешного бизнес-плана. Онлайн-семинары проводятся с участием казахстанских специалистов.

Третий этап: Разработка и защита бизнес-плана

В течение оставшейся части курса участники должны составить успешный бизнес-план. АО «Назарбаев Университет» осуществляет информационно-аналитическую поддержку, а именно помощь и координацию при написании бизнес-плана, оценку бизнес-планов, доработанных участниками. Участники направляют в электронном виде самостоятельно переведенные на английский язык бизнес-планы, оценка которых проводится иностранными преподавателями Университета Дьюк США (Duke University).

В результате, количество участников Программы «Обучение топ-менеджмента МСБ» по состоянию на 01.01.2014 г. составило 840 человек, в том числе за 2013 год было обучено 420 человек.

1.4. ПРОЕКТ «ДЕЛОВЫЕ СВЯЗИ»

Проект «Деловые связи» направлен на оказание поддержки модернизации производств за счет установления деловых связей с иностранными партнерами при поддержке международных и зарубежных организаций. Проект состоит из двух этапов.

На первом этапе под руководством квалифицированных отечественных и иностранных бизнес-тренеров и консультантов в гг. Астана и Алматы проводятся бизнес-тренинги, направленные на обучение современным методам ведения бизнеса, написанию бизнес-планов, поиску деловых партнеров за рубежом, развитие навыков установления деловых контактов с зарубежными предпринимателями.

Второй этап предусматривает для участников Проекта тематическую бизнес-стажировку на иностранных предприятиях аналогичного профиля с целью изучения конкретных управленческих вопросов и установления деловых связей. Бизнес-тренинги и стажировка за рубежом (в том числе перелет до страны прохождения стажировки и обратно, а также проживание) являются бесплатными, и оплачиваются за счет средств республиканского бюджета.

В настоящее время партнерами в организации зарубежных стажировок являются Германское общество по международному сотрудничеству (GIZ) и Агентство США по международному развитию (USAID).

Жобаның бірінші кезеңінің аясында бизнес-тренингтер ұйымдастырылды, қатысушылардың жалпы саны 544 адамды құрады. Германиядағы шетелдік машықтанудан 42 адам, АҚШ-тағы машықтанудан 49 адам өтті. Өз кәсіпорындарын дамыту жөніндегі бизнес-жоспарларды дайындағаннан кейін және оларды сәтті қорғағаннан кейін барлық қатысушылар тренингті сәтті бітіргені туралы сертификат алды.

«Даму» қорының сайтында жоба туралы жалпы ақпарат, ықтимал қатысушыларға қойылатын талаптар жөніндегі мәлімет, оқу кестесі және өтінім нысаны, сондай-ақ байқау негізінде іріктеудің басталатын уақыты туралы ақпарат үнемі беріліп, жаңартылып отырады.

2. КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫН ҚҰРУ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте берген 2012 ж. 22.07. № 01-7.4 хаттамалық тапсырмаларын орындау мақсатында «Даму» қоры барлық облыс орталықтарында және Алматы, Астана, Семей қалаларында Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарын (бұдан әрі «КҚКО» деп аталады), 27 моно-қалада тұрақты Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарын (бұдан әрі «КҚО» деп аталады) және 14 облыста жылжымалы КҚО құрды.

Тұрақты КҚО 2012 жылғы 15 қарашадан бастап барлық 27 моно-қалада қызмет етеді, онда мемлекеттік қолдау құралдары жөніндегі ақпараттық-кеңес беру қызметтері көрсетіледі, сервистік қызметтердің тізбесі беріледі.

Жылжымалы КҚО 2012 жылғы 15 қарашадан бастап 14 облыста: Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Жамбыл облыстарында қызмет етеді.

Жылжымалы КҚО аудандарда және аймақтардағы ауылдарда көшіп жүретін, арнайы жабдықталған автобус болып табылады. Жылжымалы КҚО-дың қызмет етуінің негізгі мақсаты – кәсіпкерлік ынтасы бар барынша көп тұрғынды мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға тарту және ақпараттық-кеңес беру қызметтерін көрсету.

2013 ж. КҚО-да 2 043 ықтимал және қызмет етіп жүрген кәсіпкерге қызмет көрсетілді. Жалпы КҚО-да берілген кеңес беру қызметтерінің саны 2 844 бірлікті құрайды.

2013 ж. моно-қалаларда 8 874 ықтимал және қызмет етіп жүрген кәсіпкерге қызмет көрсетілді, көрсетілген қызметтердің саны – 22 677.

3. «ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ CALL-ЦЕНТРИ

2011 жылғы наурыз айында жұмыс істей бастаған мамандандырылған Call-центр ШОК субъектілерінің хабардарлығы деңгейін және біліктілігін арттырудың ең нәтижелі құралы болып табылады.

Call-центр белгілі бір нысаналы аудиторияға ықпал ете отырып, мақсатты түрде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Call-центрде Қорға өтініш білдірген немесе сұрақ қойғысы келген адамдармен жұмыс істеу арқылы білікті қызметкерлердің уақытын босату мүмкіндіктері көзделген. Call-центрдің операторлары ШОК-ке көрсетілетін қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсетуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың талаптары мен сипаттамаларын түсіндіреді, қаржылық операторлар өкіл-

В рамках первого этапа проекта были организованы бизнес-тренинги, общее количество участников составило 544 человека. Зарубежную стажировку в Германии прошло 42 человека, в США – 49 человек. После подготовки и успешной защиты бизнес-планов по развитию своих предприятий все участники получили сертификат об успешном окончании тренингов.

На сайте Фонда «Даму» регулярно размещается и обновляется общая информация о Проекте, требования для потенциальных участников, график обучения и форма заявки, а также информация о начале конкурсных отборов.

2. СОЗДАНИЕ ЦЕНТРОВ ПОДДЕРЖКИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

Фонд «Даму» во исполнение протокольных поручений Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева от 22.07.2012 г. № 01-7.4, данных на совещании по вопросам развития предпринимательства создал Центры обслуживания предпринимателей (далее – ЦОП) во всех областных центрах и в гг. Алматы, Астана и Семей, стационарные Центры поддержки предпринимателей (далее – ЦПП) в 27 моногородах и мобильные ЦПП в 14 областях.

Стационарные ЦПП функционируют с 15 ноября 2012 года во всех 27 моногородах где предоставляются информационно-консалтинговые услуги по инструментам государственной поддержки, перечень сервисных услуг.

Мобильные ЦПП функционируют с 15 ноября 2012 года в 14 областях: Павлодарской, Южно-Казахстанской, Карагандинской, Костанайской и Жамбылской.

Мобильный ЦПП представляет собой специально оборудованный автобус, готовый к передвижению по районам и селам в регионах. Основная цель функционирования мобильных ЦПП – привлечение наибольшего количества населения с предпринимательской инициативой к участию в государственных программах и предоставление информационно-консультационных услуг.

За 2013 год в ЦОП было обслужено 2 043 потенциальных и действующих предпринимателей. Консультации в ЦОП в общем объеме достигли 2 844 консультации.

В моногородах за 2013 г. было обслужено 8 874 потенциальных и действующих предпринимателей, количество оказанных услуг составило – 22 677.

3. CALL-ЦЕНТР ФОНДА «ДАМУ»

Для повышения уровня информированности и профессионализма субъектов МСП одним из наиболее действенных инструментов является специализированный Call-центр, работа которого была запущена в марте 2011 года.

Call-центр позволяет проводить адресную работу, избирательно направляя воздействия на определенную целевую аудиторию. Кроме этого, Call-центр имеет большие возможности по работе с лицами, обратившимися в Фонд, избавляя от этого более квалифицированный персонал. Операторы Call-центра разъясняют условия и характеристики государственных программ по финансовой и нефинансовой поддержке МСП, принимают рекламации с жалобами на неправомерные действия представителей

дерінің және кәсіпкерлік қызметті жүргізуге кедергі келтіретін басқа да тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттеріне берілген шағымдарды қабылдайды, өздеріне жүктелген басқа да жұмыстарды атқарады.

«Даму» қорының Call-центріне 1408 қысқа нөмірі арқылы қоңырау шалуға болады (бүкіл Қазақстанда қоңырау шалу тегін). Call-центр ай сайын 2,5 мыңдай қоңырау қабылдайды.

4. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАҒЫН БИЗНЕСІНІҢ ДОМАЛАҚ ҮСТЕЛДЕРІ МЕН ФОРУМДАРЫН ӨТКІЗУ

2013 жылғы мамыр айында VI Астана экономикалық форумының аясында «Қазақстандағы кәсіпкерлік: мәселелер және мүмкіндіктер» панельдік сессиясы өткізілді. Панельдік сессияның жұмысына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев, Қазақстан Республикасы Аймақтық даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитетінің Төрайымы Ғалия Жолдыбаева, «Даму» қоры Басқармасының Төрайымы Ләззат Ибрагимова, Польшаның бұрынғы президенті Александр Квасьневский, Нарықтық экономика институты (IME) Басқармасының Төрағасы др. Красен Станчев, Кореяның Шағын және орта бизнес корпорациясының Президенті Парк Чеол-Кю, Кәсіпкерлік және мансапты дамыту жөніндегі халықаралық орталықтың (Үндістан) Директоры Хина Шах және т.б. қатысты.

Панельдік сессия шартты түрде келесі 3 тақырыптық секцияға бөлінді:

1. Қазақстанның ШОК-нің ағымдағы жағдайы. Қазақстандық ШОК-нің даму мәселелері, мүмкіндіктері және перспективалары;
2. Қазақстанның ШОК-нің сыртқы экономикалық қызметінің дамуын қолдау және кеңейту инфрақұрылымы;
3. Жаңа экономикадағы әйелдердің ролі.

Үш секцияның барлығының жұмысы қатысушылардың еркін түрде пікір алмасуы түрінде ұйымдастырылды. Талқылау барысында шағын және орта кәсіпкерліктегі инновацияларды қолдаудың қаржылық инфрақұрылымы мәселелері талқыланды, инновациялық старт-аптарды қолдаудың нәтижелі шетелдік шаралары және құралдары талқыға салынды және т.б.

5. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШОБ ЖӨНІНДЕ ТАЛДАМАЛЫ КІТАП ШЫҒАРУ

«Даму» қоры Елбасы және Үкімет үшін ШОБ секторы жөніндегі мерзімді есептерді жасау қажеттігі мәселесін бірнеше рет көтерді (мұндай есептер АҚШ-та, Польшада және басқа да елдерде көзделген). Нәтижесінде Қор Қазақстанның ШОБ жөніндегі жыл сайынғы талдамалы кітабын өз бетінше шығару жөнінде шешім қабылдады.

Талдама кітабы мазмұнының келесідей елеулі аспектілері бар:

- макроэкономикалық масштабта ШОК-тің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің ағымдағы жағдайын және құбылысын кешенді түрде талдау;
- Қазақстанның әр аймағының ШОБ секторына шолу;
- кәсіпкерлік секторына жүргізілген зерттеулердің өзекті нәтижелері;
- мемлекеттік, сол сияқты аймақтық деңгейлерде ШОБ субъектілеріне көрсетілетін қаржылық және қаржылық емес қолдаудың қазіргі инфрақұрылымы жөніндегі өзекті ақпарат.

финансовых операторов и иных лиц, препятствующих ведению предпринимательской деятельности, выполняют иную делегированную им работу.

Дозвониться в Call-центр Фонда «Даму» можно по короткому номеру «1408» (звонок по Казахстану бесплатный).

Call-центр обрабатывает порядка 2,5 тыс. звонков ежемесесячно.

4. ПРОВЕДЕНИЕ КРУГЛЫХ СТОЛОВ И ФОРУМОВ МАЛОГО БИЗНЕСА КАЗАХСТАНА

В мае 2013 года проведена панельная сессия «Предпринимательство в Казахстане: вызовы и возможности» в рамках VI Астанинского экономического форума. В работе панельной сессии приняли участие Первый Заместитель Премьер-Министра Республики Казахстан Бақытжан Сағынтаев, Председатель Комитета развития предпринимательства Министерства регионального развития Республики Казахстан Галия Джолдыбаева, Председатель Правления Фонда «Даму» Ляззат Ибрагимова, экс-президент Польши Александр Квасьневский, Председатель Правления Института рыночной экономики (IME) др. Красен Станчев, Президент Корпорации малого и среднего бизнеса Кореи Парк Чеол-Кю, Директор Международного центра по предпринимательству и карьерному развитию (Индия) Хина Шах и другие.

Панельная сессия была условно поделена на 3 тематические секции:

1. Текущее состояние МСП Казахстана. Проблемы, возможности и перспективы развития казахстанских МСП;
2. Инфраструктура поддержки развития и расширение внешнеэкономической деятельности МСП Казахстана;
3. Роль женщин в новой экономике.

Работа всех трех секций была организована в форме свободного обмена мнениями участников. В ходе обсуждения были подробно обсуждены вопросы финансовой инфраструктуры поддержки инноваций в малом и среднем предпринимательстве, был обсужден зарубежный опыт наиболее эффективных мер и инструментов поддержки инновационных старт-апов и многое другое.

5. ВЫПУСК АНАЛИТИЧЕСКОЙ КНИГИ ПО МСБ КАЗАХСТАНА

Фонд «Даму» неоднократно поднимал вопрос о необходимости разработки регулярных отчетов по сектору МСБ для Главы государства и Правительства (подобно тому, как это имеет место в США, Польше и других странах). В конечном итоге Фонд принял решение о самостоятельном выпуске ежегодной аналитической книги по МСБ Казахстана.

Существенными аспектами содержания Аналитической книги являются:

- комплексный анализ текущего состояния и динамики социально-экономических показателей МСП в макроэкономическом масштабе, а также в региональных и отраслевых разрезах;
- обзор сектора МСБ каждого региона Казахстана;
- актуальные результаты исследований сектора предпринимательства;
- актуальная информация по существующей инфраструктуре финансовой и нефинансовой поддержки субъектов МСБ, оказываемой как на государственном, так и региональном уровнях.

Басылым жыл сайын шығарылады, кітапты Қазақстанның ШОБ секторының «инвестициялық төлқұжаты» деп атаса да болады. Кітап мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының, республикалық және облыстық кітапханалардың барлығында тегін таратылады. 2013 жылдың желтоқсан айында «Қазақстандағы және аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп» кітабының бесінші шығарылымы жарық көрді, кітап үш тілде: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған.

6. «ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ

«Даму» қорының геоақпараттық жүйесі (бұдан әрі «ГАЗ» деп аталады) «Даму» қорының қызметі туралы, сондай-ақ ШОБ-тің, шағын қаржы секторының дамуы, республикалық және аймақтық деңгейдегі макро және микроэкономикалық үрдістер туралы бүкіл өзекті статистикалық және талдамалы ақпаратты беретін интерактивті жүйесі болып табылады.

ГАЗ «Даму» қорының тапсырмасы бойынша деректерді визуализациялау негізінде басқару шешімдерін қабылдауға нәтижелі түрде қолдау көрсету үшін әзірленді.

2010 жылдың наурыз айында ГАЗ² сыртқы пайдаланушылар (кәсіпкерлер, қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар, БАҚ, консалтингтік және талдама компаниялары) үшін ашық етілді, бұл кезде материалды жариялаған кезде құқық иеленуші болып табылатын «Даму» қорына сілтеме жасау талабы қойылады. Бұл кезде бүкіл қажетті ақпарат бір дереккөзде – ГАЗ-де шоғырландырылады. Бұл жүйеде барлық мүдделі тұлғалардың оңай қолжетімділік алуын қамтамасыз етуге арналған Web-интерфейс бар. Интерактивті ақпараттық-талдамалы деректер базасының мәліметтері түпдеректерден ақпарат алу арқылы үнемі жаңартылып отырады.

2011 жылы ГАЗ жүйесіне көп тілділік функциясы қосылды, енді сыртқы пайдаланушылар деректерді үш тілде: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде оқи алады. Сондай-ақ ГАЗ жүйесіне «БЖК 2020» бағдарламасының «Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту» атты төртінші бағыты жөніндегі есептілік қосылған.

7. МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «ДАМУ-КӨМЕК» БАҒДАРЛАМАСЫ

«Даму» қоры әзірлеген «Даму-Көмек» бағдарламасы мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлердің қиындықтары және оларға қажетті ресурстар (қаржылай көмек, мүлік, кеңес беру арқылы қолдау көрсету, басқа да қызметтер) туралы қоғам хабардарлығының дәрежесін арттыру арқылы осындай кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге бағытталған. Бұл бағдарламаның аясында «Даму» қоры қаржыландыруды қамтамасыз етпейді, бірақ мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлер мен ықтимал демеушілер мен несиегерлердің арасындағы байланыстырушы буын ролін атқарады.

Бұл міндетті атқару үшін, мүмкіндіктері шектеулі бизнесмендерге көмек көрсету мақсатында 2009 жылдың желтоқсан айында Қор www.damu-komek.kz сайтын іске қосты,

Издание выпускается ежегодно и является своего рода «Инвестиционным паспортом» сектора МСБ Казахстана. Книга распространяется бесплатно среди всех государственных органов, общественных организаций, ведущих вузов Казахстана, республиканских и областных библиотек.

В декабре 2013 года издан пятый выпуск книги «Отчет о состоянии развития малого и среднего предпринимательства в Казахстане и его регионах» на трех языках: государственном, казахском и английском языках.

6. ГЕОИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА ФОНДА «ДАМУ»

Геоинформационная система (далее – ГИС) Фонда «Даму» является интерактивной системой предоставления всей актуальной статистической и аналитической информации о деятельности Фонда «Даму», а также о развитии МСП, микрофинансового сектора, макро- и микроэкономических процессах республиканского и регионального уровня.

ГИС была разработана по заданию Фонда «Даму» для эффективной поддержки принятия управленческих решений на основе визуализации данных.

В марте 2010 года часть ГИС была сделана открытой для внешних пользователей² (предпринимателей, общественных и государственных организаций, СМИ, консалтинговых и аналитических компаний), со ссылкой на правообладателя – Фонд «Даму» при публикации. При этом ключевым решением является концентрация всей необходимой информации в одном источнике – ГИС. Данная система имеет Web-интерфейс для обеспечения максимально комфортного доступа всех заинтересованных лиц. Данные интерактивной информационно-аналитической базы данных обновляются на периодической основе путем свода информации из первичных источников.

В 2011 году в ГИС-систему добавлена функция мультязычности, теперь внешние пользователи могут просматривать данные на трех языках: государственном, русском и английском. Также в ГИС-систему добавлена отчетность по четвертому направлению «Усиление предпринимательского потенциала» программы «ДКБ 2020».

7. ПРОГРАММА ПОДДЕРЖКИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ «ДАМУ-КӨМЕК»

Разработанная Фондом «Даму» программа «Даму-Көмек» нацелена на оказание поддержки предпринимателям с ограниченными возможностями путем повышения степени информированности общества об их проблемах и необходимых им ресурсах (финансовая помощь, имущество, консультационная поддержка, другие услуги). Фонд «Даму» в рамках данной программы не предоставляет финансирование, но выступает связующим звеном между предпринимателями с ограниченными возможностями и потенциальными спонсорами и кредиторами.

Для решения данной задачи, с целью оказания помощи бизнесменам с ограниченными возможностями, в декабре 2009 года Фондом запущен сайт www.damu-komek.kz –

2. Сайттың Интернет желісіндегі мекенжайы: <http://gis.damu.kz/>

2. Адрес сайта в сети Интернет: <http://gis.damu.kz/>

бұл сайт ақпаратпен алмасуға арналған электрондық хабарландырулар тақтасы іспеттес. Көмек қажет ететін адамдар сайттың «Көмек қажет» бөліміндегі өтініш нысанын толтыра алады. Өріптестеріне көмек көрсетуге дайын кәсіпкерлер «Көмек көрсетемін» бөліміндегі тиісті нысанды толтырады. 2014 ж. 01.01. жағдай бойынша сайтта 1 299 өтінім орналастырылды, соның ішінде 913 мүгедек кәсіпкерге демеушілік көмек көрсетілді. Көбінесе тігін жабдықтары, компьютерлер және ұйымдастыру техникасы, етік шеберханаларына арналған жабдықтар, сондай-ақ жиһаз өндіруге арналған жабдықтар түрінде көмек көрсетіледі. Сонымен қатар Қордың барлық аймақтық филиалдарында мүгедек кәсіпкерлерге заң жөнінде кеңес беру, сондай-ақ бизнесті жүргізу мәселелері жөнінде кеңес беру түрінде жәрдем беріледі.

своеобразная электронная доска объявлений для обмена информацией. Нуждающиеся в помощи могут заполнить на сайте форму заявления в разделе «Нужна помощь». Предприниматели, готовые оказать помощь своим коллегам, могут заполнить соответствующую форму в разделе «Окажу помощь».

По состоянию на 01.01.2014 г. на сайте было размещено 1 299 заявок, из которых оказана спонсорская помощь 913 инвалидам-предпринимателям. В основном это швейное оборудование, компьютеры и оргтехника, оборудование для сапожных мастерских, а также оборудование для производства мебели. Кроме того, во всех Региональных филиалах Фонда инвалидам-предпринимателям оказывается помощь в виде юридических консультаций, а также консультаций по вопросам ведения бизнеса.

5

«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2020» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ «КӘСІПКЕРЛІК ӘЛЕУЕТТІ КҮШЕЙТУ» АТТЫ 4-БАҒЫТЫН ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

**АНАЛИЗ РЕЗУЛЬТАТОВ РЕАЛИЗАЦИИ 4 НАПРАВЛЕНИЯ
«УСИЛЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОГО ПОТЕНЦИАЛА»
ПРОГРАММЫ «ДОРОЖНАЯ КАРТА БИЗНЕСА 2020»**

КІРІСПЕ

«Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі «БЖК 2020» бағдарламасы» деп аталады) аясында кәсіпкерлер қаржылық қолдау алудан бөлек бизнес-оқытуға қатыса алады, бизнесті жүргізу жөніндегі сервистік қызметтерді пайдалана алады, шетелдік бейінді кәсіпорындарда машықтанудан өте алады және т.б.

Кәсіпкерлердің құзыретін арттыру және атаулы консалтингтік қолдау көрсету мақсатында 2011 жылдан бастап «БЖК 2020» бағдарламасының аясында «Кәсіпкерлік әлеуетті күшейту» атты оның төртінші бағытын (бұдан әрі «4-бағыт» деп аталады) іске асыру басталды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 Қаулысына сәйкес «Даму» қоры «БЖК 2020» бағдарламасының 4-бағытындағы келесі жобалардың операторы болып табылады:

1. жаңа бастап жүрген кәсіпкерлерді қолдау (старт-ап жобалары) (бұдан әрі «Бизнес-Кеңесші / жедел курс» деп аталады);
2. шетелдік серіктестермен іскерлік байланыстарды орнату арқылы өндірістерді жетілдіру және кеңейту (бұдан әрі «Іскерлік байланыстар» жобасы» деп аталады);
3. шағын және орта бизнестің (бұдан әрі «ШОБ» деп аталады) топ-менеджментін оқыту;
4. әрекеттегі бизнесті жүргізуге сервистік қолдау көрсету (бұдан әрі «сервистік қолдау көрсету» деп аталады) және
5. «Аға сеньорлар» жобасы.

Бұл есепте қатысушылардың пікірлерін, берген бағаларын, олардың жобаға қатысушының кәсіпкерлік қызметке тигізген ықпалын зерттеудің негізінде 4-бағытты іске асыруға жүргізілген мониторингтің нәтижелері және 4-бағыттың негізгі көрсеткіштерінің құбылысы, сондай-ақ 4-бағыт жобаларының нәтижелілігін талдау келтірілген.

Есепті дайындау үшін «БЖК 2020» бағдарламасының 4-бағытының жобаларына қатысушыларға сауалнама өткізу барысында жиналған деректер пайдаланылды. Жобаларға қатысушылар оқу аяқталғаннан кейін немесе қызметтер көрсетілгеннен кейін бірден сауалнамаларды толтырды, сонымен қатар қатысушыларды телефон арқылы сұрастыру жүргізілді, оның барысында қатысушылардың оқыту сапасы жөніндегі пікірі және оқытудың қатысушылардың болашақтағы қызметінің нәтижелілігіне тигізген ықпалы зерттелді.

5.1. «БИЗНЕС-КЕҢЕСШІ» ЖОБАСЫ НӘТИЖЕЛІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

5.1.1. «БИЗНЕС-КЕҢЕСШІ» ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

«Даму» қоры «Бизнес-Кеңесші» жобасын 2009 жылдан бері іске асырып келеді. 2011 ж. бұл жоба «БЖК 2020» бағдарламасының 4-бағытына қосылды.

«Бизнес-Кеңесші» жобасына қызмет етіп жүрген кәсіпкерлерді және кәсіпкерлік ынтасы бар тұрғындарды қысқа мерзімде келесі тақырыптар бойынша оқыту кіреді: өз бизнесін құру, бизнес-жоспар жасау, маркетинг, қызметкерлерді басқару, бизнесті жүргізудің заң аспектілері, тәуекелдер, қаржы және т.б.

Кәсіби дәрісші жаттықтырушылар «Бизнес-Кеңесші» жобасының аясындағы оқытуды барлық аудан орталықтарында, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларда, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларында жүргізеді.

ВВЕДЕНИЕ

В рамках государственной Программы «Дорожная карта бизнеса 2020» (далее – программа «ДКБ 2020») предприниматели могут получить не только финансовую поддержку, но и принять участие в бизнес-обучении, получить сервисные услуги по ведению бизнеса, пройти зарубежную стажировку на профильных предприятиях и т.д.

В целях повышения компетенции предпринимателей и оказания адресной консалтинговой поддержки – с 2011 года в рамках программы «ДКБ 2020» начата реализация ее четвертого направления – «Усиление предпринимательского потенциала» (далее – 4 направление). В соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан от 13 апреля 2010 г. № 301, Фонд «Даму» является оператором следующих проектов 4 направления программы «ДКБ 2020»:

1. поддержка начинающих предпринимателей (старт-ап проекты) (далее – проект «Бизнес-Советник» / экспресс-курс);
2. модернизация и расширение производств путем установления деловых связей с иностранными партнерами (далее – проект «Деловые связи»);
3. обучение топ-менеджмента малого и среднего бизнеса (далее – МСБ);
4. сервисная поддержка ведения действующего бизнеса (далее – сервисная поддержка) и
5. проект «Старшие сеньоры».

В данном отчете представлены результаты мониторинга реализации и динамика основных показателей 4 направления, а также анализ эффективности проектов 4 направления на основе изучения мнений, оценок участников, влияния их участия в программе на предпринимательскую деятельность.

Для подготовки отчета использовались данные, собранные в процессе анкетирования участников проектов 4 направления программы «ДКБ 2020». Анкеты заполнялись участниками проектов сразу после завершения обучения или получения услуг, кроме того, проводился телефонный опрос участников, в ходе которого изучалось отношение участников к качеству обучения и его влияние на успешность участников в дальнейшем.

5.1. АНАЛИЗ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОЕКТА «БИЗНЕС-СОВЕТНИК»

5.1.1. О ПРОЕКТЕ «БИЗНЕС-СОВЕТНИК»

Проект «Бизнес-Советник» реализуется Фондом «Даму» с 2009 года и в 2011 году был включен в 4 направление программы «ДКБ 2020».

Проект «Бизнес-Советник» включает краткосрочное обучение действующих предпринимателей и населения с предпринимательской инициативой по следующим темам: создание собственного бизнеса, составление бизнес-плана, маркетинг, управление персоналом, юридические аспекты ведения бизнеса, риски, финансы и др.

Обучение в рамках проекта «Бизнес-Советник» проводится профессиональными лекторами-тренерами во всех районных центрах, городах районного и областного значения, а также городах Астана и Алматы.

Жалпы соңғы үш жыл ішінде «Бизнес-Кеңесші» жобасының аясында 52 065 адам оқытылды. Соның ішінде 2013 ж. 19 275 адам оқудан өтті, соның ішінде 6 850 адам сауалнама толтырды, жедел курстың 750 қатысушысы телефон арқылы сұрастыруға қатысты.

5.1.2. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САЛА, ЖАС, ЖЫНЫС, АЙМАҚТАР ТҮРҒЫСЫНАН ЖӘНЕ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАР БОЙЫНША ЕСЕПТЕЛГЕН САНЫ

5.1.2.1. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САЛА ТҮРҒЫСЫНАН ЕСЕПТЕЛГЕН САНЫ

Қысқа мерзімді курстан өткен тыңдаушылардың басым бөлігін қызметтер саласының өкілдері құрады, олардың үлесі барлық тыңдаушылардың 49%-ын құрады. «Сауда» саласындағы тыңдаушылардың үлесі 22%-ды құрады. Ауыл шаруашылығы саласында респонденттердің 13%-ы қызмет етеді. Салалар құрылымындағы «Құрылыс» саласы ең аз үлеске ие, бар-жоғы 2%-ды құрайды.

В целом в рамках проекта «Бизнес-Советник» за три последних года обучение прошло 52 065 человек. В том числе за 2013 год было обучено 19 275 человек, из которых анкетированием охвачено 6 850 человек, 750 участников экспресс-курсов приняли участие в телефонном опросе.

5.1.2. КОЛИЧЕСТВО УЧАСТНИКОВ В ОТРАСЛЕВОМ, ВОЗРАСТНОМ, ГЕНДЕРНОМ, РЕГИОНАЛЬНОМ РАЗРЕЗАХ И ПО ОРГАНИЗАЦИОННО-ПРАВОВЫМ ФОРМАМ

5.1.2.1. КОЛИЧЕСТВО УЧАСТНИКОВ В ОТРАСЛЕВОМ РАЗРЕЗЕ

Наибольшую группу слушателей, прошедших краткосрочные курсы, составили представители сферы услуг – их доля составила 49% всех слушателей. Доля слушателей отрасли «Торговля» составила 22%. В сфере сельского хозяйства занято 13% респондентов.

Наименьшую долю в структуре отраслей занимает «Строительство» – 2%.

1-диаграмма. «Бизнес-Кеңесші» жобасына қатысушылардың салалар түрғысынан қалыптасқан құрылымы




Диаграмма 1. Отраслевая структура участников проекта «Бизнес-Советник»

5.1.2.2. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ТҮРҒЫСЫНАН ЕСЕПТЕЛГЕН САНЫ

Сауалнамалық деректерді толтырған кезде респонденттердің басым бөлігі (қатысушылардың жалпы санының 53%-ы) жасын 30-дан 49-ға дейінгі орта жас деп көрсеткен. 29 жасқа дейінгі жастардың үлесі 20%-ды құрады, 50-ден 57-ге дейінгі зейнеталды жастағы тыңдаушылардың үлесі 18%-ды құрады және респонденттердің 9%-ы 57 жастан асқан адамдар болды.

5.1.2.2. КОЛИЧЕСТВО УЧАСТНИКОВ ПО ВОЗРАСТАМ

При заполнении анкетных данных наибольшая доля респондентов (53% общего количества участников) указала свой возраст как средний – в диапазоне от 30 до 49 лет. Доля молодежи в возрасте до 29 лет составила 20%, доля слушателей предпенсионного возраста от 50 до 57 лет составила 18% и около 9% респондентов – были в возрасте старше 57 лет.

2-диаграмма. Жобаға қатысушылардың жас түрғысынан есептелген саны және үлесі




Диаграмма 2. Количество и доля участников проекта в возрастном разрезе

5.1.2.3. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖЫНЫС ТҰРҒЫСЫНАН ҚАЛЫПТАСҚАН ҚҰРЫЛЫМЫ

«Бизнес-Кеңесші» жобасына әйелдер жоғары қызығушылық танытты, тыңдаушылардың жалпы санындағы олардың үлесі 53%-ды құрады. Сәйкесінше оқытуға қатысқан ерлердің үлесі 47%-ды құраған.

5.1.2.3. СТРУКТУРА УЧАСТНИКОВ В ГЕНДЕРНОМ РАЗРЕЗЕ

Наибольший интерес к проекту «Бизнес-Советник» проявили женщины – их доля в общем количестве слушателей составила 53%. Соответственно доля мужчин, принявших участие в обучении, составила 47%.

3-диаграмма. «Бизнес-Кеңесші» жобасына қатысушылардың гендерлік құрылымы




Диаграмма 3. Гендерная структура участников проекта «Бизнес-Советник»

5.1.2.4. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ АЙМАҚТАР ТҰРҒЫСЫНАН ЕСЕПТЕЛГЕН САНЫ

Аймақтық тұрғыдан қарастыратын болсақ, тыңдаушылар аймақтардағы тұрғындардың санына пропорционал мөлшерде болды. «Бизнес-Кеңесші» жобасына келгендердің көбі Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарының, сондай-ақ Алматы қаласының тұрғындары. Қарастырылып отырған кезеңде Атырау облысындағы тыңдаушылардың саны ең төмен болды.

5.1.2.4. КОЛИЧЕСТВО УЧАСТНИКОВ В РЕГИОНАЛЬНОМ РАЗРЕЗЕ

В региональном разрезе распределение слушателей пропорционально распределению населения. Больше всего слушателей проекта «Бизнес-Советник» традиционно наблюдалось в Южно-Казахстанской и Алматинской областях, а также в г. Алматы. Наименьшее количество слушателей за рассматриваемый период демонстрировала Атырауская область.

4-диаграмма. «Бизнес-Кеңесші» жобасы тыңдаушыларының аймақтар тұрғысынан қалыптасқан құрылымы




Диаграмма 4. Региональная структура слушателей проекта «Бизнес-Советник»

5.1.2.5. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАР БОЙЫНША ЕСЕПТЕЛГЕН САНЫ

«Бизнес-Кеңесші» жобасына қатысушылардың ұйымдық-құқықтық нысандар тұрғысынан қалыптасқан құрылымындағы қатысушылардың 75%-ын жеке тұлғалар, 25%-ын ШОБ субъектілерінің өкілдері құрады.

ШОБ субъектілерінің ішіндегі тыңдаушылардың 72%-ы жеке кәсіпкерлер (ЖК). ЖШС өкілдері 16%-ды құрады, қалған 12%-ы шаруа-фермерлік қожалықтар (бұдан әрі «ШФҚ» деп аталады) және басқа да ұйымдық-құқықтық нысандар арқылы қызмет етеді.

ШОБ субъектілерінің ең жоғары үлесі Павлодар (барлық тыңдаушылардың 40%-ы), Атырау (39%) және Қостанай (35%) облыстарында байқалды. «Бизнес-Кеңесші» жобасына қатысқан жеке тұлғалардың басым бөлігі Шығыс Қазақстан облысында (барлық тыңдаушылардың 88%-ы), Оңтүстік Қазақстан облысында (84%) және Астана қаласында (87%) байқалды.

5.1.3. ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМАҒА САЙ АЙМАҚТАРДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ОҚИТУДЫҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Сауалнама және телефон арқылы жүргізілген сұрастыру деректеріне сай тыңдаушылардың көбі өткен курстың деңгейін «өте жоғары» және «жоғары десе болады» деп бағалаған. 2011 жылдан 2013 жылға дейін жоғары баға берген тыңдаушылардың саны 92%-дан төмен түскен жоқ.

5.1.2.5. КОЛИЧЕСТВО УЧАСТНИКОВ ПО ОРГАНИЗАЦИОННО-ПРАВОВОМ ФОРМАМ

В структуре участников проекта «Бизнес-Советник» по организационно-правовым формам 75% участников составили физические лица и 25% – представители субъектов МСБ.

Среди субъектов МСБ 72% слушателей являлись индивидуальными предпринимателями (ИП). Представители ТОО составили 16%, остальные 12% действуют в форме крестьянско-фермерских хозяйств (далее – КФХ) и прочих организационно-правовых форм. Самая высокая доля субъектов МСБ отмечена в Павлодарской (40% всех слушателей), Атырауской (39%) и Костанайской (35%) областях. Наибольшая доля физических лиц, принявших участие в проекте «Бизнес-Советник», наблюдалась в Восточно-Казахстанской (88% всех слушателей), Южно-Казахстанской (84%) областях и в г. Астана (87%).

5.1.3. КАЧЕСТВЕННЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ОБУЧЕНИЯ В РЕГИОНАХ СОГЛАСНО АНКЕТНОМУ ОПРОСУ

Согласно данным анкетирования и телефонного опроса, большинство слушателей оценивают уровень прослушанного курса как «очень высокий» и «скорее высокий уровень». С 2011 по 2013 год доля слушателей, давших высокую оценку, не опускалась ниже 92%.

5-диаграмма. «Бизнес-Кеңесші» жобасына қатысушылардың жедел курстың деңгейіне берген бағасының орташа көрсеткіші, респонденттердің жалпы санының %-ы

Өзіңіз өткен «Жедел кәсіпкерлік курсының» деңгейін бағалаңыз
Как оцениваете уровень прослушанного «Экспресс-курса предпринимательства»?




Диаграмма 5. Общая оценка уровня экспресс-курса участниками проекта «Бизнес-Советник», % от общего количества респондентов


Сондай-ақ тыңдаушылар жедел курсты тыңдау барысында алынған ақпараттың пайдалылығын да жоғары бағалады: 2011 жылдан 2013 жылға дейін ақпаратты пайдалы деп санаған тыңдаушылардың үлесі 98%-дан төмен түскен жоқ.

Слушатели также высоко оценили полезность информации, полученной в ходе прослушивания экспресс-курса: с 2011 по 2013 год доля слушателей, посчитавших информацию полезной, не опускалась ниже 98%.

6-диаграмма. Семинарда алынған ақпарат пайдалылығының деңгейін бағалау, респонденттердің жалпы санының %-ы

«Жедел кәсіпкерлік курсының» аясында алынған ақпарат қаншалықты пайдалы болды?

Насколько полезной была информация, полученная в рамках «Экспресс-курса предпринимательства»?




Тыңдаушылардың көпшілігі оқыту барысында берілген ақпараттың толықтығына қанағаттанды. 2011 жылдан 2013 жылға дейін ақпараттың толықтығына жоғары баға берген респонденттердің үлесі 87%-дан төмен түскен жоқ.

Диаграмма 6. Оценка уровня полезности информации, полученной на семинаре, % от общего количества респондентов

Большинство слушателей удовлетворены полной информацией, полученной в ходе обучения. С 2011 по 2013 год доля респондентов, давших высокую оценку полноте информации, не опускалась ниже 87%.

7-диаграмма. «Ақпараттың толықтығы» көрсеткішін бағалау, респонденттердің жалпы санының %-ы



Курстан өткен тыңдаушылардың көбі курс барысында берілген ақпараттың түсініктілігіне қанағаттанды: 2011 жылдан 2013 жылға дейінгі кезеңде ақпараттың түсініктілігіне жоғары берген респонденттердің үлесі 93%-дан төмен түскен жоқ.

Диаграмма 7. Оценка характеристики «Полнота информации», % от общего количества респондентов

Большинство слушателей курсов выразили удовлетворение доступностью изложения информации, полученной в ходе прохождения курса: с 2011 по 2013 год доля респондентов, высоко оценивших доступность изложения информации, не опускалась ниже 93%.

8-диаграмма. «Ақпараттың түсініктілігі» көрсеткішін бағалау, респонденттердің жалпы санының %-ы




Диаграмма 8. Оценка характеристики «Доступность изложения», % от общего количества респондентов

Тыңдаушылардың көбі «Бизнес-Кеңесші» жобасы оқытушыларының біліктілігіне қанағаттанғанын білдірді: 2011 жылдан 2013 жылға дейін олардың үлесі 96%-дан төмен түскен жоқ.

Большинство слушателей выразили удовлетворение квалификацией преподавателей проекта «Бизнес-Советник»: с 2011 по 2013 год их доля не опускалась ниже 96%.

9-диаграмма. «Оқытушылардың біліктілігі» көрсеткішін бағалау, респонденттердің жалпы санының %-ы




Диаграмма 9. Оценка характеристики «Квалификация преподавателей», % от общего количества респондентов

Семинарларды ұйымдастыру деңгейін тыңдаушылардың басым көпшілігі қанағат тұтты: 2011 жылдан 2013 жылға дейін «толықтай қанағаттандым» және «қанағаттандым десе болады» деп баға берген адамдардың үлесі 90%-дан төмен түскен жоқ.

Уровнем организации семинаров удовлетворено подавляющее большинство слушателей: с 2011 по 2013 год доля «полностью удовлетворенных» и «скорее удовлетворенных» не опускалась ниже 90%.

10-диаграмма. «Семинарды ұйымдастыру деңгейі» көрсеткішін бағалау, респонденттердің жалпы санының %-ы




Диаграмма 10. Оценка характеристики «Уровень организации семинара», % от общего количества респондентов

Курстан өткен тыңдаушылардың көпшілігі таратылған материалдар сапасының деңгейіне «толықтай қанағаттандым» немесе «қанағаттандым десе болады» деп жауап берген. 2011 жылдан 2013 жылға дейінгі кезеңде осындай респонденттердің үлесі 93%-дан төмен түскен жоқ.

Большинство слушателей курсов «полностью удовлетворены» либо «скорее удовлетворены» уровнем качества раздаточных материалов. С 2011 по 2013 год доля таких респондентов не опускалась ниже 93%.

В апреле 1996 года в результате слияния Национального Совета по производительности и Института стандартов и промышленных исследований Сингапура был создан Совет по производительности и стандартам Сингапура, который в апреле 2002 года был переименован в SPRING. Сегодня SPRING реализует порядка 100 различных программ по поддержке и развитию МСП, в том числе особый фокус делается на развитие МИП.

6.2.2.1. ПРОГРАММЫ SPRING ПО ПОДДЕРЖКЕ МИП

Совместно с партнерами, ассоциациями и другими государственными органами SPRING оказывает помощь МИП в доступе к финансированию, развитию навыков менеджмента, технологии и инновации, а также в выходе на международные рынки. Далее следует краткое описание основных программ SPRING по поддержке МИП⁴:

- Программа инновационного ваучера (Innovation Voucher Scheme). Программа направлена на содействие МИП в использовании технологий для реализации инновационных идей путем привлечения государственных Институтов Знания (далее – ИЗ). Стоимость ваучера составляет 3000 евро. Ваучеры должны быть использованы в течение года и только у утвержденных ИЗ учреждений, к которым относятся инновационные Центры, университеты Сингапура, исследовательский институт A*STAR, институт технического обучения и т.д.
- Программа по коммерциализации технологий предприятия (Technology Enterprise Commercialisation Scheme). Программа направлена на ускоренное

3. <http://www.spring.gov.sg/>

4. SPRING Singapore – Building Growth Enterprise, 2009.

- Кәсіпорынның технологияларын коммерциялау бағдарламасы (Technology Enterprise Commercialisation Scheme). Бағдарлама ғылыми зерттемелерді қолдау және дамыту және кейін коммерциялау арқылы компанияларды жедел дамытуға бағытталған. Бағдарламаның аясында кәсіпорынға грант бөлінеді. Грант сарапшылар тобының жобаның техникалық және коммерциялық артықшылықтарын бағалауының негізінде беріледі. Гранттың екі түрі бар: концепциялық жұмыстарға арналған грант (I кезең) және коммерциялық жұмыстарға арналған грант (II кезең). I кезеңнің аясында белгілі бір шығындардың 100%-на дейін өтеледі, ең көп сома 250 000 сингапурлық долларды құрайды. II кезеңнің аясында белгілі бір шығындардың 85%-на дейін өтеледі, ең көп сома 500 000 сингапурлық долларды құрайды.
- Технологиялық инновациялар бағдарламасы (Technology Innovation Programme). Бағдарлама кәсіпорынның бәсеке-лестік стратегиясының құрамдас бөліктерінің бірі ретінде технологиялық инновацияларды алға бастыру мақсатында ШИК-дардың инновациялық мүмкіндіктерін нығайтуға бағытталған. Бағдарламаның аясында SPRING дұрыс технологиялық платформаны айқындауға, зерттеу жобалары жөнінде кеңес беру үшін сарапшыларды іздеуге, технологияларды пайдаланудың үздік тәсілін айқындауға қажетті ақпарат беруге/кеңес беруге/серіктес табуға жәрдемдесу арқылы ШИК-дарға көмек көрсетеді.
- Seed инвестициялау бағдарламасы (SPRING Start-up Enterprise Development Scheme SPRING SEEDS). Бұл бағдарламаны SPRING ұйымының еншілес кәсіпорны болып табылатын SPRING SEEDS Capital инвестициялық қоры (бұдан әрі «SPRING SEEDS Capital» деп аталады) іске асырады. Бағдарламаның аясында SPRING SEEDS Capital инновациялық өнімдер шығаратын және/немесе үрдістерді қалыптастыратын жергілікті компанияларға тікелей түрде инвестициялау/бірлесіп инвестициялау үшін қаражат береді. Келесідей инвестициялау салалары бар: ғылым және технологиялар, ақпараттық коммуникациялық технологиялар және іскерлік қызметтер. Инвестициялардың ең көп сомасы 1,000,000 сингапурлық долларды құрайды, бұл кезде пост-инвестициялық кезеңдерде қосымша қаржыландыру мүмкіндігі беріледі. Қаражат тиісті пропорцияларда компанияның акцияларына алмастыра отырып беріледі. Өтінім мақұлданған жағдайда SPRING SEEDS Capital шеткері инвестордың берілген көлеміне сай мөлшердегі қаражатты береді. Инвестициялау мерзімі 5 жылды құрайды, 5 жыл өткеннен кейін SPRING SEEDS Capital акцияларды көпшілік орналастыру (IPO), акцияларды сату, біріктіру немесе жұту, кәсіпорынның өзіне немесе шеткері инвесторға сату арқылы ШИК-ның жарғылық капиталының құрамынан шығады.
- Бизнес «періштелердің» қорлары (Business Angels Funds) арқылы қаржыландыру бағдарламасы. Бағдарламаның аясында бизнес «періштелердің» қорлары компаниядағы үлеске немесе конвертацияланатын облигацияларға және т.с.с. алмастыра отырып, әдетте старт-аптарға тәуел-келдік қаржыландыру береді. Бағдарламаны үш тәуелсіз жеке қормен жұмыс істейтін SPRING SEEDS Capital іске асырады. Қорлар ықтимал инвестициялық жобаларды алдын-ала бағалау функциясын атқарады. Әр қор жеке

развитие компаний за счет поддержки и развития научных разработок и их последующей коммерциализации. В рамках программы предприятию выделяется грант, который присуждается на основе оценки технических и коммерческих преимуществ проекта группой экспертов. Существуют два вида грантов: для концептуальных работ (I стадия) и для коммерческих работ (II стадия). В рамках I стадии покрывается до 100% от определенных затрат, максимальная сумма – 250 000 сингапурских долл. В рамках II стадии покрывается до 85% от определенных затрат, максимальная сумма – 500 000 сингапурских долл.

- Программа технологических инноваций (Technology Innovation Programme). Программа направлена на укрепление технологических инновационных возможностей МИП с целью продвижения технологических инноваций как одной из составляющих конкурентной стратегии предприятия. В рамках программы SPRING оказывает поддержку МИП путем содействия в определении правильной технологической платформы, поиска экспертов для предоставления консультаций по исследовательским проектам, предоставления необходимой информации/консультации/партнера для определения наилучшего способа по использованию технологий.
- Программа Seed инвестирования (SPRING Start-up Enterprise Development Scheme SPRING SEEDS). Данная программа реализуется дочерним предприятием SPRING – инвестиционным фондом SPRING SEEDS Capital (далее – SPRING SEEDS Capital). В рамках программы SPRING SEEDS Capital предоставляет финансовые средства для прямого инвестирования/со-инвестирования в местные компании, создающие инновационные продукты и/или процессы. Сферы инвестирования: наука и технологии, информационные коммуникационные технологии и деловые услуги. Максимальный объем инвестиций не более 1,000,000 сингапурских долл. с возможностью дополнительного финансирования на пост-инвестиционных стадиях. Средства предоставляются в обмен на акции компании в соответствующих пропорциях. В случае одобрения, SPRING SEEDS Capital предоставляет объем средств соразмерный представленному объему стороннего инвестора. Горизонт инвестирования – 5 лет, по истечению 5 лет SPRING SEEDS Capital выходит из уставного капитала МИП посредством публичного размещения акций (IPO), продажи, слияния или поглощения, продажи акций самому предприятию либо стороннему инвестору.
- Программа финансирования через фонды бизнес «ангелов» (Business Angels Funds). В рамках программы фонды бизнес «ангелов» предоставляют рискованное финансирование, как правило, старт-апам в обмен на долю в компании или конвертируемые облигации и т. п. Программа реализуется SPRING SEEDS Capital, которая работает с тремя независимыми частными фондами. Фонды выполняют функцию по предварительной оценке потенциальных инвестиционных проектов. Каждый фонд специализируется

секторға маманданады. Қорлардың біреуі қызығушылық танытқан және старт-апқа инвестиция бағыттауға дайын болған жағдайда, SPRING SEEDS Capital старт-ап акцияларының орнына сомасы көп дегенде 1 млн. АҚШ долларын құрайтын қаражат береді.

- Бизнесітегі көшбасшылық бағдарламасы (Business Leaders Initiative). Бұл Сингапурдың басқару жөніндегі университетімен және Сингапурдың ұлттық университетімен бірлесе отырып 2009 жылы іске қосылған, ШИК-дардың әлеуетін арттыруға бағытталған бағдарлама. Бағдарламаның аясында компанияның орта буынды және топ-менеджментіне арналған тереңдетілген тренингтер (Advanced Management Programme) өткізіледі. Оқытуды ірі жергілікті және шетелдік компаниялардың жетекші бизнес-жаттықтырушылары, басшылары және топ-менеджерлері жүргізеді. Тәлімгерлік бағдарламасының (The Business Advisors Programme) аясында кәсіпорын өсімінің стратегияларын әзірлеуге жәрдемдесу мақсатында ШИК-дарына тәжірибелі мамандар, менеджерлер, басшылар және бизнес-кеңесшілер тіркеледі.

6.2.2.2. A*STAR GET-UP (GROWING ENTERPRISES THROUGH TECHNOLOGY UPGRADE) БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарлама ШИК-дардың инвестиция алды ҒЗТҚЖ жұмыстарын қолдауға және технологиялық әлеуетін арттыруға бағытталған. Бұл бастаманы Сингапурдың ғылым, технологиялар және зерттеулер агенттігі (A*STAR) Сингапурдың экономикалық даму жөніндегі кеңесімен, IE Singapore және SPRING ұйымдарымен бірлесе отырып 2003 жылы іске қосты. Бағдарламаның негізгі мақсаты – ШИК-дарға зерттеу қызметін жүзеге асыруға және ҒЗТҚЖ жұмыстарындағы серіктестерді іздеуге жәрдемдесу. 2010 жылы A*STAR агенттігінің операциялық бюджеті 20 млн. еуроға жуық соманы құрады.

Бағдарламаның төрт құрамдас бөлшегі бар:

- ШИК-дардың технологиялық әлеуетін жаңарту құрамдас бөлшегі (T-Up). Бұл құрамдас бөлшек кәсіпорындардың инновациялық тұрғыдан дамуына жәрдемдесу мақсатында кәсіпорындарға ғалымдар мен инженерлерді жіберуді көздейді;
- Технологиялық даму жөніндегі ұзақ мерзімді жол картасын жасау құрамдас бөлшегі (OTR);
- Техникалық тұрғыдан кеңес беру арқылы қолдау құрамдас бөлшегі (TA) ШИК-ға жетекші ғылыми-зерттеу институттарының біреуінің аға ғылыми қызметкерін тіркеуді көздейді;
- Ғылыми-зерттеу институттарының нысандарын бірлесіп пайдалану құрамдас бөлшегі (A*FSP). Бұл құрамдас бөлшектің аясында ШОК-дар өздерінің ҒЗТҚЖ жұмыстарын жүргізу үшін ғылыми-зерттеу институттарының зертханаларын пайдалану мүмкіндігін алады.

2009 жылы Get-Up бағдарламасының аясында 300-ден астам ғалым және инженер 297 ШИК-ға олардың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесті. Бағдарлама іске асырыла бастаған 2003 жылдан бері бағдарламаның аясында жоғары өнімді 1 000-ға жуық ШОК-ға қолдау көрсетілді.⁵

на отдельных секторах. В случае заинтересованности одного из фондов и готовности инвестировать в старт-ап, SPRING SEEDS Capital предоставляет соизмеримый объем финансовых средств объемом не больше 1 млн. долл. США в обмен на акции старт-апа.

- Программа лидерство в бизнесе (The Business Leaders Initiative). Программа по повышению потенциала МИП, которая была инициирована в 2009 году в партнерстве с Университетом Сингапура по управлению и Национальным Университетом Сингапура. В рамках программы проводятся углубленные тренинги для среднего и топ-менеджмента компании (Advanced Management Programme). Обучение проводится ведущими бизнес-тренерами, руководителями и топ-менеджерами крупных местных и зарубежных компаний. В рамках программы наставничества (The Business Advisors Programme) к МИП прикрепляются опытные специалисты, менеджеры, руководители и бизнес-консультанты с целью содействия разработке стратегий роста предприятия.

6.2.2.2. ПРОГРАММА A*STAR GET-UP (GROWING ENTERPRISES THROUGH TECHNOLOGY UPGRADE)

Программа направлена на поддержку прединвестиционных НИОКР и улучшения технологического потенциала МИП. Данная инициатива была запущена в 2003 году Агентством Сингапура по науке, технологиям и исследованиям (A*STAR) совместно с Советом Сингапура по экономическому развитию, IE Singapore и SPRING. Основной целью программы является содействие МИП в исследовательской деятельности и поиске партнеров в НИОКР. В 2010 году операционный бюджет A*STAR составил около 20 млн. евро.

Программа имеет четыре подкомпонента:

- Компонент по модернизации технологического потенциала МИП (T-Up). Компонент предполагает отправку ученых и инженеров на предприятия с целью содействия их инновационного развития;
- Компонент по составлению долгосрочной дорожной карты технологического развития (OTR).
- Компонент Техническая консультативная поддержка (TA) предполагает закрепление за МИП старшего научного сотрудника одного из ведущих научно-исследовательских институтов.
- Компонент по совместному использованию объектов научно-исследовательских институтов (A*FSP). В рамках данного компонента МИП получают возможность использовать лаборатории научно-исследовательских институтов для собственных НИОКР.

В 2009 году, в рамках программы Get-Up более 300 ученых и инженеров оказали помощь 297 МИП в повышении их производительности и конкурентоспособности. С момента старта программы в 2003 году, в рамках программы было поддержано порядка 1 000 МИП высокого роста.⁵

⁵ <http://www.astar.edu.sg/>

6.2.2.3. ШИК-ДАРҒА ҚАТЫСТЫ САЯСАТТЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ

Бүкіләлемдік экономикалық форумның Бәсекеге қабілеттіліктің жаһанды индексі рейтингіне сай ел екінші орында тұр, «инновациялар» факторы бойынша ел әлемдік көшбасшылардың ондығына кіреді (8-орын). «Инновациялар» факторының аясындағы бәсекелестік артықшылықтарына «үкіметтің қазіргі заманға сай технологиялық өнімдерді сатып алуы» (2-орын), «зерттеу қызметінде жоғары оқу орындары мен өнеркәсіптің арасындағы ынтымақтастық» (5-орын) және «компаниялардың дамуға және зерттеу қызметіне жұмсаған шығыстары» (8-орын) сияқты көрсеткіштер жатады⁶. БЭФ БЖИ рейтингіндегі бұл көрсеткіштер Сингапурда ШИК-дарға қатысты жүргізілетін саясаттың сәттілігін жанама түрде көрсетеді.

Қорытындылай отырып атап өтетін жайт, Кореядағындай Сингапурдың жоғары өнімді ШИК-дары Сингапур үкіметінің ШОК-дарға қатысты саясатының басым бағыты болып табылады. Сингапурда ШИК-дарды қолдаудың күшті инфрақұрылымы жасалған, SPRING және А*STAR бұл инфрақұрылымның негізгі институттары болып табылады. SPRING қаржыландыру, оқыту, технологиялармен қамтамасыз ету және интернационалдандыру мүмкіндігін беру арқылы үміт күттіретін ШИК-дарды қолдау мақсатында сауданы дамыту агенттіктерімен қызметтеседі. GET-Up бағдарламасын жүзеге асыратын А*STAR ұйымы ШИК-дардың ұзақ мерзімді инвестиция алды ҒЗТҚЖ жұмыстарын жүргізуін қолдайды. Бағдарламаның негізгі мақсаты – болашақта жаһанды бизнес-көшбасшылар тобын құру мақсатында ҒЗТҚЖ жұмыстарын іске асыру арқылы ШИК-дарға бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізуге жәрдемдесу. Елдің басшылығы дамыған ШОК секторының, атап айтқанда қарқынды дамып келе жатқан ШИК-дар секторының арқасында Сингапур жақында болған жаһанды қаржы дағдарысынан сәтті шықты деп есептейді. Сингапурдағы ШИК-дарды қолдауға бағытталған іске асырылып жатқан бағдарламаларға жүргізілген талдау көрсетіп отырғандай, ШИК-дардың даму нәтижелілігі негізінен қолайлы кәсіпкерлік ортаға, қаржыландырудың қолжетімділігіне, ғылым мен өнеркәсіптің тығыз әрекеттесуіне және білікті техникалық және басқарушы кадрлардың жеткілікті критикалық массасына негізделген.

6.2.2.3. ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПОЛИТИКИ В ОТНОШЕНИИ МИП

Согласно рейтингу ГИК ВЭФ страна занимает второе место, по фактору «инновации» страна входит в десятку мировых лидеров (8 место). Конкурентными преимуществами в рамках фактора «инновации» являются такие показатели как «приобретение правительством продвинутой технологической продукции» (2 место), сотрудничество между вузами и промышленностью в исследовательской деятельности (5 место) и «расходы компаний на развитие и исследовательскую деятельность» (8 место)⁶. Данные показатели в рейтинге ГИК ВЭФ косвенно свидетельствуют об успешности проводимой политики в отношении МИП в Сингапуре.

Подводя итог нужно отметить, как и в Корею, МИП высокого роста является приоритетным направлением политики правительства Сингапура в отношении МСП. В Сингапуре создана мощная инфраструктура поддержки МИП, ключевыми институтами данной инфраструктуры являются SPRING и А*STAR. SPRING сотрудничает с агентствами по развитию торговли с целью поддержки перспективных МИП путем предоставления финансирования, обучения, технологий и возможности интернационализации. А*STAR с программой GET-Up поддерживает долгосрочные прединвестиционные НИОКР в МИП. Основной целью программы является содействие МИП в получении конкурентного преимущества через реализацию НИОКР для того чтобы в последующем создать когорту глобальных бизнес-лидеров. Руководство страны приписывает успешный выход Сингапура из недавнего глобального финансового кризиса развитому сектору МСП, в частности сектору динамичных МИП. Как показывает анализ существующих программ по поддержке МИП в Сингапуре, во многом успех развития МИП основан на благоприятной предпринимательской среде, доступности финансирования, тесного взаимодействия науки и промышленности и наличии достаточной критической массы квалифицированных технических и управленческих кадров.

6. 2012-2013 жылдардағы жаһанды бәсекеге қабілеттілік туралы есеп. Бүкіләлемдік экономикалық форум.

6. Отчет о глобальной конкурентоспособности за 2012–2013 гг. Всемирный экономический форум.

7

**«ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ СЕРІКТЕСТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ МАМАНДАРЫ
ДАЙЫНДАҒАН ТАЛДАМАЛЫ МАТЕРИАЛДАР**

**АНАЛИТИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ, ПОДГОТОВЛЕННЫЕ
СПЕЦИАЛИСТАМИ ВУЗОВ-ПАРТНЕРОВ
ФОНДА «ДАМУ»**

Б.З. Нурманова – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің экономика кафедрасының аға оқытушысы
М. Елемесова – 4-курс студенті,
 Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Құқық және экономика негіздері» мамандығы

Нурманова Б.З. – старший преподаватель кафедры экономики КазНУ им. аль-Фараби
Елемесова М. – студентка 4 курса, специальность «Основы права и экономики» КазНУ им. аль-Фараби

7.1. ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМІНІҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Экономикалық өсімді ынталандыру кез келген елдің экономикалық саясатының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, себебі экономикалық өсім халықтың әл-ауқатының жақсаруына септігін тигізеді. Шағын және орта бизнес экономикалық өсім факторларының бірі болып табылады. Өзекті экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудегі шағын және орта бизнестің ролі жоғары. Шағын және орта бизнес мемлекеттің қомақты шығындар жұмсауын қажет етпей дұрыс бәсекелестік ортасын қалыптастыруға, нарықта тепе-теңдікті орнатуға, жаңа жұмыс орындарын жасауға, орта санатты қалыптастыруға, халықтың түрлі қажеттіктерін қанағаттандыруға септігін тигізеді, түптің түбінде бұл тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Еліміздің жоғары басшылығы шағын және орта бизнесті дамыту мәселелерін әр уақытта басым бағыт ретінде ұстанады. Мемлекет жеке кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған, барлық ТМД елдерінде бұрын соңды-болмаған ауқымды шараларды қолданады. Елбасы Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында шағын және орта бизнесті дамытуды мемлекеттің экономикалық саясатының басым бағыттарына жатқызады. Шағын және орта бизнесті дамыту – XXI ғасырда Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік тұрғыдан жаңартудың басты құралы. Экономикамыздағы шағын және орта бизнестің үлесі неғұрлым жоғары болса, Қазақстанның дамуы соғұрлым тұрақты болады.

ҚР Статистика агенттігінің деректеріне сай соңғы 9 жыл ішінде Қазақстандағы тіркелген ШОБ кәсіпорындарының саны екі есе көбейген және 2013 жылдың қорытындылары бойынша 1 542 мың бірлікті құрады. Сөйтіп ШОБ экономикалық тұрғыдан белсенді тұрғындардың көбі артық көретін қызмет түріне айналуға бастады. Бұл мемлекеттің жоспарлы саясаты дұрыс таңдағанын, сондай-ақ елде қолайлы бизнес-климаттың жасалғанын көрсетеді.

Бүкіләлемдік Банктің 2014 жылғы Doing Business рейтингінің нәтижелері бойынша Қазақстан 189 елдің ішінде 50-орында, 2013 жылмен салыстырғанда 3 орынға жоғары көтерілген. Бұл зерттеу жыл сайын 189 елде жүргізіледі және бизнес-климат қолайлылығының 10 бағыты бойынша елдердің рейтингін айқындайды.

Қазақстанның жоғары орыннан көрінуінің бірден-бір себебі – Халыққа қызмет көрсету орталықтарында компанияны тіркеу уақыты қысқарды, сондай-ақ меншікті тіркеудің жеделдетілген рәсімі енгізілді. Жүргізілген кешенді институционалдық шаралар «Doing Business» рейтингінің келесі индикаторларының жақсаруына септігін тигізді: «Құрылыс жүргізуге рұқсаттар алу» (145 орын, 4 орынға көтерілген),

7.1. МАЛЫЙ И СРЕДНИЙ БИЗНЕС КАК ФАКТОР ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Стимулирование экономического роста является одной из важнейших задач экономической политики любой страны, так как экономический рост способствует повышению благосостояния населения. Малый и средний бизнес является одним из факторов экономического роста. Роль малого и среднего бизнеса незаменима при решении наиболее острых экономических и социальных задач. Не требуя значительных затрат со стороны государства, малый и средний бизнес способствует формированию «здоровой» конкурентной среды, установлению рыночного равновесия, созданию новых рабочих мест, формированию среднего класса, удовлетворению различных потребностей населения, что в конечном итоге приводит к обеспечению устойчивого экономического роста.

Вопросы развития малого и среднего бизнеса всегда являлись приоритетными для высшего руководства нашей страны. Меры поддержки частного предпринимательства, предпринятые государством, беспрецедентны по своему масштабу среди всех стран СНГ. Глава нашего государства в своем послании народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» относит развитие малого и среднего бизнеса к одним из приоритетных направлений экономической политики государства. Развитие малого и среднего бизнеса – вот главный инструмент индустриальной и социальной модернизации Казахстана в XXI веке. Чем больше доля малого и среднего бизнеса в нашей экономике – тем более устойчивым будет развитие Казахстана. Согласно данным Агентства РК по статистике, в Казахстане за последние 9 лет количество зарегистрированных предприятий МСБ увеличилось более, чем в два раза и по итогам 2013 года составило 1 542 тыс. ед. Таким образом, МСБ становится все более популярным видом деятельности среди экономически активного населения. Это свидетельствует о правильном выборе планомерной политики государства, а также о благоприятном бизнес-климате в стране.

По результатам рейтинга Всемирного Банка Doing Business 2014 Казахстан занял 50 место среди 189 стран, улучшив свои позиции на 3 пункта по сравнению с 2013 годом. Данное исследование проводится на ежегодной основе в 189 странах и определяет рейтинг стран по 10 направлениям благоприятности бизнес климата.

Во многом улучшение позиции Казахстана произошло за счет сокращения времени регистрации компании в Центрах обслуживания населения, а также благодаря введению ускоренной процедуры регистрации собственности. Проведение комплексных институциональных мер способствовало улучшению следующих индикаторов рейтинга «Doing Business»: «Получение разрешений на строительство» (145 место, улучшение на 4 позиции), «Регистрация собственности» (18 место, улучшение на 9 позиций), «Разрешение неплатежеспособности» (54 место, улучшение на 1 позицию)

«Меншікті тіркеу» (18-орын, 9 орынға көтерілген), «Төлемге қабілетсіздікке рұқсат беру» (54-орын, 1 орынға көтерілген).

Алайда «Салық салу» (18-орын) және «Халықаралық сауда жүргізу» (186-орын) сияқты индикаторлар өзгеріссіз қалды. «Кәсіпорындарды тіркеу» (30-орын, 3 орынға түскен), «Электр қуатымен қамсыздандыру жүйесіне қосылу» (87-орын, 2 орынға түскен), «Несиелеу» (86-орын, 4 орынға түскен), «Инвесторларды қорғау» (22-орын, 1 орынға түскен) және «Келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз ету» (27-орын, 1 орынға түскен) сияқты индикаторлар нашарлаған. Тәжірибе жүзінде қазіргі кезде кәсіпкер бизнесті оңай әрі жылдам аша алады, бірақ бұдан әрі кәсіпкер түрлі айып санкцияларын, салықтарды төлеуге мәжбүр болады, осыған байланысты ШОБ-тің көлеңкелі секторда болуы тиімді.

Сонда да Қазақстандағы шағын және орта бизнес күрделі қиындықтарға ұшырауда, оларды жеңу үшін ең алдымен заңнаманы одан әрі жетілдіруге, қаржылық қолдауға, аймақтық даму бағдарламаларының нәтижелілігін арттыруға, әкімшілік кедергілерді жоюға және жемқорлықты жеңуге, инновациялық әлеуетті арттыруға, сондай-ақ кәсіпкерлік жөніндегі білімді дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізу қажет.

Вместе с тем, без изменений остаются такие индикаторы, как «Налогообложение» (18 место) и «Ведение международной торговли» (186 место). Ухудшения произошли в таких индикаторах, как «Регистрация предприятий» (30 место, ухудшение на 3 позиции), «Подключение к системе электроснабжения» (87 место, ухудшение на 2 позиции), «Кредитование» (86 место, ухудшение на 4 позиций), «Защита инвесторов» (22 место, ухудшение на 1 позицию) и «Обеспечение исполнения контрактов» (27 место, ухудшение на 1 позицию). На практике все, что сейчас предприниматель может сделать быстро и легко, это открыть бизнес, далее предпринимателю приходится платить различные штрафные санкции, налоги, в связи с этим МСБ выгоднее находится в теневом секторе.

Тем не менее, малый и средний бизнес в Казахстане продолжает испытывать серьезные трудности, для преодоления которых необходима последовательная работа, прежде всего, по дальнейшему совершенствованию законодательства, финансовой поддержки, повышению эффективности региональных программ развития, по устранению административных барьеров и преодолению коррупции, по повышению инновационного потенциал, а также по развитию предпринимательского образования.

1-сурет – Қазақстан Республикасының 2008 – 2014 жылдардағы рейтингінің салыстырмалы көрсеткіштері
Рисунок 1 – Сравнительные показатели рейтинга РК за 2008–2014 гг.



Ескертпе – автор [3] дереккөзі бойынша жасады.
Примечание – Составлено автором по источнику [3]

1-суретке сәйкес жалпы рейтингте жағымды өзгерістер байқалады: Қазақстан 2008 жылы 72-орында тұрса, 2014 жылы 50-орынға көтерілген. Қазақстан бұл рейтингтегі ең жоғары 47-орынға 2012 жылы көтерілген. Рейтингтегі оң тренд «Өнімділік-2020», «Жұмыспен қамту-2020», «Бизнестің жол картасы 2020», Моно қалаларды дамыту бағдарламасы, «Агробизнес 2020» сияқты бағдарламалар арқылы кәсіпкерлікті қолдауға және дамытуға бағытталған кешенді шараларды іске асырудың нәтижесінде қалыптасып отыр. Мысалға, «Бизнес жол картасы-2020» бағдарламасын іске асырудың аясында 2013 жылы келесі нәтижелерге қол жеткізілді. Жалпы сомасы 642 млрд. теңгеге 2861 жоба субсидияланды. 21 млрд. теңгені құрайтын сомаға 204 жоба кепілдендірілді. 454 кәсіпорынға арналған өндірістік инфрақұрылым қалыптастырылуда, инвестициялардың жалпы сомасы 95,9 млрд. теңгені құрайды. Жаңа бастап жүрген 137 кәсіпкерге сомасы 408 млн. теңгені құрайтын гранттар берілді.

В соответствии с рисунком 1 в целом по рейтингу наблюдается положительная динамика: Казахстан улучшил позиции с 72 места в 2008 году до 50 места в 2014. Самую высокую позицию в данном рейтинге Казахстан занял в 2012 году, заняв 47 место. Позитивный тренд в рейтинге произошел вследствие реализуемых комплексных мер поддержки и развития предпринимательства через такие программы, как «Производительность-2020», «Занятость-2020», «Дорожная карта бизнеса 2020», Программа развития моногородов, «Агробизнес-2020». Так, в рамках реализации программы «Дорожная карта бизнеса 2020» в 2013 году достигнуты следующие результаты. Просубсидировано 2 861 проектов на сумму 642 млрд. тенге. Прогарантировано 204 проекта на сумму 21 млрд. тенге. Производственная инфраструктура подводится для 454 предприятий на общую сумму инвестиций 95,8 млрд. тенге. Предоставлены гранты для 137 начинающих предпринимателей на сумму 408 млн. тенге.


Шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін күрделі мәселелердің бірі – субъектілердің басым бөлігінде өз инвестициялық және айналымдық қажеттіктерін қамтамасыз етуге қажетті жеткілікті ресурстардың болмауы. Шағын кәсіпкерліктің кепіл беру қабілетінің төмен болуының кесірінен банктер қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемені ұлғайту арқылы тәуекелдің құнын несиелерге аударуға мәжбүр. 2013 жылдың қазан айында шағын кәсіпорындарға берілген несиелердің көлемі 9%-ға қысқарған.

Сондай-ақ өсімді тежейтін тағы бір мәселе – ШОБ қазіргі уақытта негізінен делдалдық саласында және қомақты қаржы жұмсалымдарын қажет етпейтін салаларда дамып келеді. 2-суретке сәйкес ШОБ негізінен сауда, қоғамдық тамақтану, азаматтық нысандар құрылысы, техника мен машинаны ұсақ-түйек жөндеу жұмыстары, ауыл шаруашылығы салаларында шоғырланған. Алайда ғылыми-техникалық жаңалықтар және ақпарат саласы сияқты қуатты нарық игерілмей жатыр.

Одной из наиболее сложных проблем, препятствующих развитию малого предпринимательства, является отсутствие у большей части субъектов достаточных финансовых ресурсов для обеспечения собственных инвестиционных и оборотных потребностей. Банки в силу низкой залогоспособности малого предпринимательства вынуждены переносить стоимость риска на кредиты путем увеличения процентной ставки по займам. В октябре 2013 года объем кредитов малым предприятиям сократился на 9 %.

Также к проблемам роста можно отнести то, что развитие МСБ происходит у нас сейчас в основном в посреднической сфере и отраслях, не требующих значительных капитальных вложений. В соответствии с рисунком 2 МСБ в основном сосредоточен в торговле, общественном питании, строительстве гражданских объектов, мелком ремонте техники и машин, сельском хозяйстве. Между тем такой мощный рынок, как сфера научно-технических новшеств и информации, не осваивается.

2-сурет – Шағын және орта бизнестегі тіркелген заңды тұлғалардың салалық құрылымы
Рисунок 2 – Отраслевая структура зарегистрированных юридических лиц малого и среднего бизнеса



Ескертпе – автор [2] дереккөзі бойынша жасады.
Примечание – Составлено автором по источнику [2]

Қазақстанда елдің ЖІӨ-нің басым бөлігін қызметінде қосымша жұмыс күшін қажет етпейтін жаңа технологияларды қолдану мүмкіндігіне ие ірі кәсіпорындар құрайды. Мысалға, тау-кен барлау саласындағы кәсіпорындар көп капиталды қажет етеді және ел халқының жұмыспен қамту деңгейіне әсерін тигізе қоймайды. Бұл салалардағы кіріс шектелген адамдар тобының пайдасына түседі, бұл қоғамдағы әлеуметтік жіктелудің күшеюіне әкеп соғады. Атап өтетін жайт, «голландиялық аурудың» кейбір симптомдары және «ресурстық қарғыс» белгілері бар.

Қазақстанның экономикалық дамуы шикізаттық (негізінен мұнай-газ) экспорттық секторға тәуелді. Демек экономиканың энергия ресурстары бағаларының құбылуына тәуелділігі, яғни «голландиялық ауруға» шалдыққыштығы жоғары. Ресурстардың молшылығы Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштеріне тигізетін әсерінің сипаты қарама-қайшы келеді. Бір жағынан қарағанда 2000 жылдары табиғат ресурстары барының және оларды белсенді түрде игерудің

В Казахстане значительную долю ВВП страны составляют крупные предприятия, которые имеют возможность применять в деятельности новые технологии, не требующие дополнительную рабочую силу. Например, предприятия горнодобывающей отрасли капиталоемки и слабо влияют на уровень занятости населения страны. Прибыль в этих отраслях концентрируется в руках ограниченного числа лиц, что ведет к усилению социального расслоения в обществе. Можно отметить, что в той или иной степени имеют место некоторые симптомы «голландской болезни» и признаки ресурсного проклятия.

Экономическое развитие Казахстана можно однозначно охарактеризовать как зависящее от сырьевого (преимущественно нефтегазового) экспортного сектора. Следовательно, сильна подверженность экономики колебаниям цен на энергоресурсы, а значит, и «голландской болезни». Характер влияния ресурсного изобилия на макроэкономические показатели Казахстана довольно противоречив. С одной стороны именно благодаря наличию и активному освоению природных ресурсов республике удавалось демонстрировать довольно высокую экономи-

арқасында республиканың экономикалық қарқыны айтарлықтай жоғары болды. Басқа жағынан макроэкономикалық өсім әр уақытта халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылуына септігін тигізе бермейді. Қазақстанның экономикасында және халқының әлеуметтік өмірінде жағымды өзгерістер байқалып жатса да, тұрақты оң тенденциялар қалыптасты деп айтуға әлі ерте.

Қазақстандағы экономикалық өсімнің аймақтық сипаты ба-сым, экономикаға шамадан тыс аумақтық сәйкессіздік тән. Жалпы аймақтық өнімнің басым бөлігі екі облыста (Атырау және Маңғыстау) және елорда типті екі қалада (Алматы және Астана) қалыптасады, оларда республика халқының 19,5%-ы тұрады. Елдегі инвестициялық тартымдылық және экспорттық әлеует көрсеткіштері бойынша бұл аймақтар көш бастап келеді. Бүкіл Қазақстан халқының 73%-ы тұратын Оңтүстік Қазақстанның ауқатсыз облыстарында (Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында) қарама-қайшы жағдай қалыптасқан, мұнда ЖАӨ-нің тек 12,2%-ы ғана өндіріледі.

Бүкіләлемдік банктің деректеріне сай 2010 ж. табиғат ресурстарының Қазақстанның ЖІӨ-не қосқан тікелей үлесі 27,6%-ды құрады (салыстыратын болсақ, Австралияны, Канаданы және Норвегияны қоспағанда, дамыған елдердің көбінде бұл көрсеткіш 1,5%-дан аспайды), бұл кезде мұнайдың үлесі 22,4%-ды, газ 2,7%-ды, көмір 5,5%-ды, кенді шикізат 2,5%-ды құрады. Минералды ресурстар және оларды бастапқы қайта өңдеуден шығатын өнімдер экспорттың жалпы көлемінің 90%-нан астам көлемін құрайды, олардың 78%-ын мұнай мен газ құрайды. Бұл кезде Қазақстан табиғат рентасын өз бетінше пайдаланады деп айтуға келмейді.

Республикада экономиканы қайта құрылымдауға бағытталған тұрақты және мақсатты жұмыстар жүргізудің нәтижесінде ғана «ресурстық қарғысты» және «голландиялық ауруды» жеңуге жағдай жасауға болады. Бұл кезде жоғары технологиялық салаларға бағытталатын декларацияланатын қомақты инвестициялардан гөрі құрылымдық саясатты іске асыруға бағытталған шағын қадамдар, атап айтқанда шикізаттық емес секторлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында оларға субсидиялар беру үшін тұрақтандыру қорының қаражатын пайдалану қысқа және орта мерзімді перспективада жоғары нәтижелілігін береді. Әлеуметтік және аймақтық диспропорцияларды жеңуге бағытталған шаралар кешенін іске асыру маңызды.

Қазақстанда инновациялық қызметке көп көңіл бөлінуде, бірақ бұл елдің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауын әзірше ынталандырған жоқ. Жалпы инновациялық дамудың жағымсыз факторларын жою және негізгі мәселелерді шешу үшін экономика ғылымында келесі шараларды қолдану ұсынылады:

- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрылымдық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) қаржыландыру көлемін ұлғайту (соның ішінде жеке инвестицияларды тарту механизмі арқылы);
- ғылыми-инновациялық қызмет субъектілерінің арасындағы барлық өзара қарым-қатынастарды, соның ішінде үкіметтік және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік құрылымдардың ұйымдастыру қызметін реттейтін нәтижелі ұлттық ғылыми-инновациялық жүйе жасау;

ческую динамику в 2000-е годы. С другой стороны, не всегда макроэкономический рост ведет к повышению жизненного уровня населения. Намечившиеся положительные сдвиги в экономике и социальной жизни населения Казахстана еще не столь значительны и продолжительны, чтобы можно было говорить о формировании устойчивых положительных тенденций.

Экономический рост в Казахстане носит очаговый характер, для его экономики характерна чрезмерная территориальная диспропорциональность. Большая часть валового регионального продукта формируется в двух областях (Атырауской и Мангистауской) и двух городах столичного типа (Алматы и Астане), в то время как в них проживало 19,5% населения республики. Эти регионы обладают наибольшей инвестиционной привлекательностью и экспортным потенциалом в стране. На другом полюсе – беднейшие области Южного Казахстана (Алматинская, Жамбылская и Южно-Казахстанская), в которых проживает 73% всего казахстанского населения и производится лишь 12,2% ВРП.

Согласно данным Всемирного банка, прямой вклад природных ресурсов в производство ВВП Казахстана в 2010 г. составил 27,6% (для сравнения: в большинстве развитых стран, за исключением Австралии, Канады и Норвегии, данный показатель не превышает 1,5%), причем на нефть приходилось 22,4%, на газ – 2,7, на уголь – 5,5, на рудное сырье – 2,5%. Минеральные ресурсы и продукция их первичной переработки составляют более 90% общего объема экспорта, из них 78% приходится на нефть и газ. При этом Казахстан использует природную ренту не вполне самостоятельно.

Условия для преодоления «ресурсного проклятия» и «голландской болезни» в республике могут быть созданы только в результате постоянной и целенаправленной работы по реструктуризации ее экономики. Причем в кратко- и среднесрочной перспективе даже небольшие шаги по реализации структурной политики, в частности использование средств стабилизационного фонда для предоставления субсидий несырьевым секторам в целях повышения их конкурентоспособности, способны дать больший положительный эффект, чем декларируемые огромные инвестиции в высокотехнологичные отрасли. Важно реализовать комплекс мер, направленных на преодоление социальных и региональных диспропорций.

В Казахстане инновационной деятельности уделяется большое внимание, но это пока не стимулирует повышение конкурентоспособности страны на мировом рынке. В целом для устранения неблагоприятных факторов и решения основных проблем инновационного развития в экономической науке предлагается следующее:

- увеличить объемы финансирования научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ (НИОКР), в том числе через механизм привлечения частных инвестиций;
- создать эффективную национальную научно-инновационную систему, которая упорядочит все взаимоотношения между субъектами научно-инновационной деятельности в том числе организационную деятельность государственных структур на правительственном и местном уровне;
- предоставить предприятиям, направляющим собственные средства на научную и научно-техническую деятельность, льготные условия по налогам;
- ускорить процесс трансфера технологий;

- ғылыми және ғылыми-техникалық қызметке меншікті қаражатты бағыттайтын кәсіпорындарға салықтар бойынша жеңілдікті талаптар беру;
- технологиялар трансферті үрдісін жылдамдату;
- ғылыми-инновациялық кадрларды даярлау сапасын арттыру және олардың қызмет етуіне және дамуына қолайлы жағдай жасау.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың қазіргі жағдайларында нарықтық ортада жұмыс істеуге дайын болуға тиіс кәсіпкерлердің контингентін жаңарту қажеттігі байқалады. Отандық экономиканың қажеттіктерін қамтамасыз ету үшін шағын және орта кәсіпкерлік секторына қажетті мамандарды үнемі даярлау жұмыстарын жүргізу қажет, бұл тұрақты оқу-кеңес беру құрылымдарының жүйесін жасауды көздейді. Оқу-кеңес беру орталықтарының жұмысы кадрларды даярлау және қайта даярлау үрдісін ерекше жолмен ұйымдастыруға негізделуге тиіс, бұл үрдіс шағын және орта кәсіпкерлікке арналған білікті кадрларды даярлауға септігін тигізетін дәстүрлі және арнайы оқу әдістемелерін қамтуға тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстанның білім беру жүйесі әр аймақтың экономикалық дамуы ерекшеліктерін ескере отырып бизнесті ұйымдастыру саласындағы жоғары білікті кадрларды даярлау моделін іздеуде. Бұл кәсіпкерлікке және шағын бизнеске бағдарланған оқытушыларды даярлауға; үздік отандық және шетелдік тәжірибені Қазақстанның аймақтарына трансферттеуге; қашықтан бизнесті үйретуге; оқытатын және консалтингтік орталықтардың тармақталған желісін қалыптастыруға қатысты. Кәсіпкерлікті дамыту агенті ретіндегі білім беру жүйесінің артықшылығы тұрғындарға кәсіпкерлікті оқыту міндеттерін атқарудың синергетикалық көбейткіш қабілетінде: айтарлықтай қысқа мерзімде кәсіпкерлік саласындағы бірнеше жүз педагог дайындау қажет, олар жыл сайын мыңдаған оқушыға кәсіпкерлік мәдениетін дублициялайтын болады. Ұстаздар мен оқытушылардың теория жүзінде ғана емес, тәжірибе жүзінде де білім алуы мақсаттарында бірлескен ұжымдық кәсіпкерлік қызметпен айналысу маңызды. Мектеп, кәсіби училище, колледж және жоғары оқу орны оқытушылар үшін бизнес-инкубатор, технопарк болуға тиіс, қолда бар өндірістік және оқу мүмкіндіктерін кәсіпкерлік білім беру үшін нәтижелі түрде пайдалануға тиіс.

Шағын және орта бизнестің дамуына мемлекет жасайтын жағдайлар көп әсерін тигізеді. Қазақстан тәуелсіздік алғалы жиырма жыл өтті, бұл уақытта тартымды бизнес-климатты жасауда маңызды қадамдар жасалды, мұны шағын және орта бизнес секторына берілген халықаралық баға және оның айтарлықтай өсімі көрсетеді. ШОБ секторын экономиканың «локомотивіне» айналдыру үшін мемлекет бірінші кезекте қатысушылардың өздерінің ниеттерін ескеретін кешенді қолдауды көрсетуді жалғастыруға тиіс.

- повысить качество подготовки научно-инновационных кадров и создать благоприятные условия для их деятельности и развития.

Современные условия развития малого и среднего предпринимательства выявляют необходимость обновления контингента предпринимателей, которые должны быть более подготовлены к работе в рыночной среде. Для обеспечения потребностей отечественной экономики необходимо проводить постоянную подготовку специалистов для сектора малого и среднего предпринимательства, что предполагает создание системы устойчивых учебно-консультационных структур. Работа учебно-консультационных центров должна основываться на особой организации процесса подготовки и переподготовки кадров, включающей традиционные и специальные методики обучения, способствующие подготовке квалифицированных кадров для малого и среднего предпринимательства.

В настоящее время система образования Казахстана находится в поиске модели подготовки высококвалифицированных кадров в области организации бизнеса с учетом специфики экономического развития каждого региона. Это касается подготовки преподавателей с ориентацией на предпринимательство и малый бизнес; осуществление трансферта лучшего отечественного и зарубежного опыта в казахстанский регион; развитие дистанционного бизнес-образования; формирование разветвленной сети обучающихся и консалтинговых центров. Преимущество системы образования как агента развития предпринимательства заключается в ее синергетической множительной способности решения задач предпринимательского образования населения: достаточно за более короткий срок, подготовить в предпринимательском отношении несколько сотен педагогов, и они ежегодно будут дублировать культуру предпринимательства в тысячах учащихся. Важно только, чтобы педагоги и учащиеся не только теоретически, но и практически занимались совместной коллективной предпринимательской деятельностью, пусть и «учебной». Школа, профессиональное училище, колледж и вуз могут и должны стать для учащихся бизнес-инкубатором, технопарком, более эффективно использовать имеющиеся производственные и учебные площади для предпринимательского образования.

Успех развития малого и среднего бизнеса во многом определяется условиями, которые создает государство. За два десятилетия независимости Казахстана были сделаны важные шаги в создании привлекательного бизнес-климата, о чем свидетельствуют международная оценка и значительный рост сектора малого и среднего бизнеса. Для того чтобы сектор МСБ стал реальным «локомотивом» экономики, государству следует и дальше оказывать комплексную поддержку, учитывая в первую очередь пожелания самих его участников.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: http://www.akorda.kz/ru/page/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-29-yanvary-2010-goda_1340624693 (сайттан деректер алынған күн: 2014 жылғы 05.02.).
2. Статистикалық деректер // Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <http://www.stat.gov.kz/> (сайттан деректер алынған күн: 2014 жылғы 05.02.).
3. «Doing Business 2014: Шағын және орта кәсіпорындардың қызметін реттеуді түсіну» баяндамасы (Доклад «Doing Business 2014: Понимание регулирования деятельности малых и средних предприятий») // Бүкіләлемдік банктің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <http://russian.doingbusiness.org/> (сайттан деректер алынған күн: 2014 жылғы 29.01.).
4. Т.М. Әлиев «Қазақстан: «ресурстық қарғыс» па әлде «голландиялық ауру» ма?» («Казахстан: «ресурсное проклятие» или «голландская болезнь»?») // Экономика мәселелері (Вопросы экономики). – 2013. – № 6. – 17–35 беттер.

Список использованной литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» // Официальный сайт Президента Республики Казахстан [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.akorda.kz/ru/page/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-29-yanvary-2010-goda_1340624693 (Дата обращения: 05.02.14 г.).
2. Статистические данные // Официальный сайт Агентства Республики Казахстан по статистике [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.stat.gov.kz/> (Дата обращения: 05.02.14 г.).
3. Доклад «Doing Business 2014: Понимание регулирования деятельности малых и средних предприятий» // Официальный сайт Всемирного банка [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://russian.doingbusiness.org/> (Дата обращения: 29.01.14 г.).
4. Алиев Т.М. Казахстан: «ресурсное проклятие» или «голландская болезнь»? // Вопросы экономики. – 2013. – № 6. – С 17–35

Б.Ж. Еремекбаева – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Жоғары экономика және бизнес мектебінің деканы, Еуразия халықаралық экономикалық академиясының академигі, ҚР еңбегі сіңген қайраткері

Еремекбаева Б. Ж.
декан Высшей школы
экономики и бизнеса КазНУ им. аль-Фараби,
Академик Международной экономической
Академии Евразия, Заслуженный деятель РК

7.2. БӘСЕКЕЛЕС ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЛАРЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ САЛЫҚТЫҚ СТИМУЛДАРЫ

Бүгінгі таңда шағын және орта бизнес жаңа экономиканың қозғалтқыш күшіне айналды. Әлемдік тәжірибеде шағын және орта бизнестің даму деңгейі елдің, аймақтың және қаланың даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіш болып табылады. Қарқынды және үйлесімді дамуға, нарықта бәсекелес болуға ұмтылатын кез келген мемлекет ең алдымен кәсіпкерлік бастамаға, әсіресе экономикадағы бастамаларға көңіл бөлуге тиіс. Шағын кәсіпкерліктің дамуы халықтың экономикалық бастамасының көрінісі екені айтпаса да түсінікті. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне: қызметті қайта бейімдеу икемділігі, экономикалық амалдар жасау еркіндігі, айналымдық қаражаттың жылдам айналымдылығы, қысқа инвестициялық кезең тән. Шағын бизнес көбінесе нақты тұтынушыға бағдарланады, халық тұтынатын тауарлар өндірісі, тауарлар мен қызметтерді өткізу салаларындағы бос орындарды жылдам толтыра алады. Бұл оларға монополистермен еркін бәсекелесуге мүмкіндік береді. Қазақстанда 800 мың шағын және орта бизнес субъектісі бар, оларда 2,4 миллион қазақстандық азамат жұмыс істейді. Бұл сектор шығарған өнімдердің көлемі төрт жыл ішінде 1,6 есе өсіп, қазір 8,3 млрд. теңгеден астам соманы құрайды.

Елбасы Жолдауында шағын және орта бизнес саласындағы мәселелерді шешудің нақты жолдарын көрсетті. Президент айтқандай: «Болашақ – аграрлық секторда, әсіресе, шағын және орта бизнес түріндегі жаңа өңдеу кәсіпорындары желісін құруда. Бұл тұста біз бизнесті несиелі арқылы қолдауға тиіспіз. Фермерлер ұзақмерзімді қаржыландыру мен өткізу нарықтарына делдалсыз, тікелей шыға алатын болуға тиіс. Ауыл өндірушілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандырудың тиімді жүйесін құру да өзекті мәселе».

Өнеркәсіпке келер болсақ, шағын кәсіпорындарды көптеп құру ең алдымен халық тұтынатын тауарлар өндірісі саласында қажет.

ШОБ-ті қолдаудың қаржылық стимулдары шағын және орта бизнестің дамуына елеулі әсерін тигізеді. Оларға салықтық стимулдарды және ШОБ-ті несиелеу жүйесін жатқызуға болады.

Әлемдік рейтингтік агенттіктердің деректері бойынша еліміз ШОБ үшін қолайлы климат жасалған елдердің бірі болып саналады. Мысал ретінде ШОБ-ке салық салудың арнайы режимінің қолданылуын келтіруге болады. ТМД елдерінің арасында Қазақстан салық салудың осындай тәжірибесін енгізген және осы арқылы ШОБ үшін салықтық жүктемені барынша азайта отырып даму мүмкіндігін беретін бөлек салық салу режимін жасаған алғашқы ел болды.

ШОБ-ке салық салу рәсімін одан әрі жеңілдету мақсатында 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Салық кодексіне кейбір өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

7.2. НАЛОГОВЫЕ СТИМУЛЫ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В УСЛОВИЯХ КОНКУРЕНТНОЙ ЭКОНОМИКИ

Малый и средний бизнес в современных условиях становится движущей силой новой экономики. В мировой практике уровень развития малого и среднего бизнеса является показателем реально характеризующий успех страны, региона и города. Любое государство если оно стремится к динамичному и гармоничному развитию, быть конкурентоспособным на рынке, прежде всего должен заботиться о предпринимательской инициативе, особенно в экономике. Общеизвестно, развитие малого предпринимательства – это свидетельство проявления экономической инициативы населения. Субъектам малого и среднего предпринимательства характерны: гибкость для репрофилирования деятельности, свобода экономического маневра, наиболее быстрая оборачиваемость оборотных средств, короткий инвестиционный период. Малый бизнес в большинстве случаев ориентирован на конкретного потребителя, может быстро заполнить ниши в сфере производства товаров народного потребления, реализации товаров и услуг. Это дает большую возможность им свободно конкурировать с монополистами. В Казахстане действует более 800 тысяч субъектов малого и среднего бизнеса, в них работает 2,4 миллиона казахстанцев. Объем продукции этого сектора вырос за четыре года в 1,6 раза и составляет более 8,3 млрд. тенге.^[1] Глава Государства в своем Послании озвучил конкретные пути решения проблем существующих в сфере малого и среднего бизнеса. Президент отметил: «Будущее за созданием сети новых перерабатывающих предприятий в аграрном секторе, главным образом в форме малого и среднего бизнеса. Здесь мы должны поддержать бизнес кредитами. Фермеры должны иметь прямой доступ к долгосрочному финансированию и рынкам сбыта без посредников. Актуальным вопросом является создание эффективной системы гарантирования и страхования займов сельских производителей».

